



## АҚОРДА

# ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанды қарсы алды.

Еліміздің шекарасына енген сәттен Астана әуежайына дейін Түркия Президентінің бортына Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің ұшақтары қапталдаса ұшты.

Түркия Президентінің келуіне орай трап алдында Құрмет караулы ротасы сап түзеді.

Екі елдің жалаушаларын ұстаған балалар Режеп Тайып Ердоған бастаған Түркия елінің ресми делегациясына «Ata yurda hoş geldiniz!» – «Атажұртқа қош келдіңіз!» деп екі тілде қошемет көрсетті.

Сол сәтте Түркия мен Қазақстан туларын желбіреткен тікұшақтар алан үстімен ұшып өтті.

Әуежай терминалында жас өнерпаздар Түрік елінің көшбасшысына арнап «Домбыра» композициясын орындады.

## ШАҒЫН АВИАЦИЯ – ТҰТАСТЫҚ ТІРЕГІ



Президент шағын авиация мәселесін алғаш көтеріп отырған жоқ. Бұған дейін де жауапты құрылымдардан нақты нәтиже көрсетуді талап еткен. Алайда Үкіметтің биылғы кеңейтілген отырысында сол тапсырмасының орындалмай қалғанын қайта еске салды. Қасым-Жомарт Тоқаев міндетті жүзеге асуына бірінші кезекте әуе көлігі отынының қымбаттығы кедергі екенін атап өтті және мұны «кешірілмейтін қателік, қарапайым тілмен айтсақ, бұл – нағыз абсурд» деп бағалады.

→ 5

## «ЖАПОН ТЫҢШЫЛАРЫ» ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Бұл құжат та жапондарға тән мәтәқамдықпен жазылды. Мазмұнына қарағанда өзі Түркияда қызмет істейтін Канда арнайы тапсырмамен Ирак, Сирия, Палестина және Египетке дейін барып, мұсылман елдерінің хал-жағдайын, олардың Батысқа, КСРО мен Жапонияға көзқарасын зерттеген.



→ 6

## ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасы Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламент Палаталарының бірлескен отырысы 2026 жылғы 15 мамырда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.



## ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Жалпы, Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың тамыры терең. Әдетте ресми байланыстардың 1991 жылдың 16 желтоқсанында Түркияның Қазақстан тәуелсіздігін ресми мойындайтынын мәлімдегенін бастағанымызбен, қос халықтың байланыстары одан бұрын да үзіле қоймаған. Оғыз тайпаларының Анадолы өлкесіне қоныс аударған жылдарын айтпағанда, беріректе Осман империясы мен Қазақ хандығының өзара байланысы болғаны, XX ғасырдың басында Мағжан ақынның түрік бауырларға арнап жыр арнағаны тарихтан белгілі. Ал тәуелсіздік жылдарында бұл қарым-қатынастар жаңа сипатқа ие болды.



→ 4

Әлішер ӨТЕВ:

## «ШАБЫТ – ЖАЛҚАУЛАРДЫҢ ОЙЛАП ТАПҚАН ЕРТЕГІСІ»

Идея дайын күйінде бірден пайда болмайды. Бұл – ұзақ ойлану, бақылау процесінің нәтижесі. Мен үшін ең маңыздысы – өзімді көрерменнің орнына қою. «Егер мен осы кино немесе сериалды көрсем, қандай эмоция сезінер ем?» деген сұрақтан бастаймын. Себебі соңғы нәтижеде шешуші рөл атқаратын – көрермен реакциясы.



→ 8

14 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ



## SENSITIVE ТЕАТРЫ ҰЖЫМЫН МЕРЕЙТОЙМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Astana ballet театрында «Ботай» этнопластикалық спектаклінің премьерасы өтті. Аталған қойылымды есту қабілеті нашар өнерпаздардан құралған SENSITIVE ерекше театры сахналады. Театрдың 20 жылдығына орай ұйымдастырылған және Анна Цойдың режиссерлігімен сахналанған спектакль ежелгі Ботай мәдениетіне арналады.

Қойылымның басты ерекшелігі — дыбыстың мүлде қолданылмауы. Сахнада негізінен эмоцияға, жарыққа және хореографияға басымдық берілген. Шығармада Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан, жылқы алғаш қолға үйретілген мекендердің бірі саналатын ежелгі Ботай қонысының өмірі көркемдік тұрғыда қайта зерделенді.

Спектакльді тамашалаған Мәулен Әшімбаев театр ұжымының шеберлігіне жоғары баға берді. Ол өнердің қоғамдағы кедергілерді жойып, мүгедектігі бар азаматтардың өмірден өз орнын табуға ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ Сенат Төрағасы мүмкіндігі шектеулі жандарды жан-жақты қолдау мемлекеттің басым міндеттерінің бірі екенін тілге тиек етті. Бүгінде бұл бағытқа жоғары деңгейде айрықша мән беріліп, кешенді әрі жүйелі жұмыстар жүргізіліп келе жатқаны да назарға алынды.

— Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қоғамның даму деңгейі ерекше қажеттілігі бар жандарға деген көзқараспен өлшенетінін үнемі айтып келеді. Сол себепті елімізде кедергісіз орта қалыптастыруға және инклюзия құндылықтарын ілгерілетуге баса мән беріліп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстанда физикалық және әлеуметтік кедергілерді жоюға арналған жүйелі жұмыс жүзеге асырылуда. Басты мақсат — ерекше қажеттілігі бар әрбір азаматқа еңбекте, кәсіби салада, шығармашылық және қоғамдық өмірде өз әлеуетін толық іске асыруына қажетті жағдай жасау, — деді Мәулен Әшімбаев.

Іс-шара барысында Палата Спикері SENSITIVE би ұжымын және оның көркемдік жетекшісі Ольга Ростовщикова театрының 20 жылдық мерейтойымен құттықтады. Мәулен Әшімбаев бұл жоба Қазақстанда инклюзивті өнерді дамытуға үлкен үлес қосқанына тоқталып, өнерпаздардың қажырлы еңбегіне ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ ансамбль өскелең ұрпақ үшін жігер мен мотивацияның жарқын үлгісіне айналғаны әңгімеге арқау болды. Ольга Ростовщикова кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігінің арқасында ұжым жоғары шығармашылық жетістіктерге жетіп, дарынды жастардың ортаға бейімделуіне серпін беріп келеді. Сенат Төрағасы SENSITIVE театры тағдыр сынағына тап болған азаматтарды жігерлендіріп, олардың қиындықтарды еңсеруіне және әр адамға өз қабілетін толық жүзеге асыруына мүмкіндік беретін инклюзивті қоғам қалыптастыруға ықпал ететінін айтты.

— Сахнадағы жиырма жыл — батыл идеядан әлемдік деңгейде мойындалған белеске дейінгі үлкен жол. SENSITIVE ұжымының жетістігі көптеген қазақстандық үшін өз-өзіне деген сенім мен тәлімгердің қолдауы арманды ақиқатқа айналдыратынына дәлел болды. Ольга Ростовщикова жұмысы тек би өнерімен шектелмейді. Бұл бастаманың мақсаты — ерекше балалар өздерін қажет әрі мықты сезінетін орта қалыптастыру. Мұндай қадам қоғам үшін аса маңызды. Олар адамгершіліктің жаңа өлшемін айқындап, еліміздің әр өңіріндегі жастарды дамуға, ортаға бейімделуге, өз күшіне сенуге және арманына батыл қадам жасауға ынталандырады, — деп Мәулен Әшімбаев театр ұжымына өнерге деген алдықты үшін алғыс білдірді.

Айта кетейік, Петропавл қаласындағы есту қабілеті нашар балаларға арналған мектеп-интернаттың басында құрылған SENSITIVE театры бүгінде әлемдік деңгейде танылған шығармашылық ұжымға айналды. Биыл театрдың құрылғанына 20 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде оның өртістері көптеген халықаралық байқау мен фестивальдардың лауреаты атанды.

## КӨЛІК САЛАСЫН ДАМУ ТҰРАҚТЫ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшының ұлттық жүк әуе компаниясын дамыту, сондай-ақ теңіз және теміржол тасымалдарын ұлғайту бойынша тапсырмаларын орындау мәселелері жөнінде кеңес өткізді.



Жиында Көлік министрлігінің, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК және Turlov Private Holding жүк әуе компаниясының жұмысын ұйымдастыру және оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдері тыңдалды.

Транзиттік жүк хабы ретінде Қытай — Қазақстан — Батыс Еуропа бағыты бойынша қолайлы жағдай жасау үшін әуе кемелерін кезек-кезеңімен шығаруды, бәсекелестік құны бойынша авиаотынмен қамтамасыз етуді қоса алғанда, операциялық қызметті жедел іске қосу мәселелері қаралды. Ілеспе инфрақұрылымды дамытуға, оның ішінде әуежай қуатын,

жүк терминалдарын, қойма логистикасына назар аударылды.

Сонымен қатар Орталық Азия өңірінен Кавказға және Батыс Еуропа елдеріне тасымалдау көлемін ұлғайту үшін қазақстандық «Ақтау» және «Құрық» теңіз порттарын тиесі шаралары талқыланды.

Теміржол саласы бойынша өткізу қабілетін арттыру, сондай-ақ тарифтік саясатты жетілдіру үшін инфрақұрылымды одан әрі жаңғырту және қазақстандық теміржол желісін дамыту жоспарлары айтылды.

Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министр бірқатар тапсырма берді.

## МӘЖІЛІС ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ ЖӘНЕ РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАР ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу және сайлауды жетілдіру мәселелері жөніндегі заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Екінші оқылымда педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және бала құқықтарын қорғау мәселелері туралы заң қабылданды.



Телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер байланыс инфрақұрылымын дамытуға, перспективалы телекоммуникациялық технологияларды енгізуге және халықты сапалы әрі қолжетімді байланыс қызметімен қамтамасыз етуге бағытталған. Заң жобасының негізгі ережелерімен депутаттарды Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев таныстырды.

— eGoV, e-Otinish, ұлттық Aitu мессенджері және басқа да қосымшалар сияқты әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік сервистерге трафиғі есептелмейтін, яғни тарифсіз қолжетімділікті енгізу ұсынылады. Сондай-ақ Заттар интернет желілері және Тіркеп-белгіленген сымсыз абоненттік қолжетімділік сияқты жаңа технологиялар үшін құқықтық негіз жасалуда. Халықаралық транзиттік интернет-трафиғі кедергісіз өткізу бөлек бекітіледі. Дата-орталықтарды салу немесе іске қосу кезінде оларды стратегиялық объектілер қатарына енгізу ұсынылады. Азаматтарды телефон алаяқтығынан қорғау үшін заңды тұлғалардан келетін қонырауларды танбалау енгізіледі, — деді министр.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Руслан Қожасбаев түзетулер арқылы байланыс қондырғыларын, оның ішінде антенна-бағана қондырғыларын және тағы басқаларын салу үшін жер телімдерін беру тәртібі жеңілдетілетінін айтты. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда белгіленген тәртіппен байланыс желілерін салуға рұқсат беріледі. Ал әкімдіктерге байланыс нысандарын салу үшін электр энергиясы тартылған жерлерді бөлу құзыреті беріледі.

Бұдан бөлек, ұялы байланыс абоненттік құрылғыларын верификациялау функциясын Мемлекеттік радиожилік қызметінің қарамағына беру қарастырылуда. Руслан Қожасбаев атап өткендей, бұл шара тұтынушыларға сатып алынатын құрылғылардың түпнұсқалығы мен сапасына кепілдік алуға мүмкіндік береді, қоғамдық және жеке қауіпсіздікті арттырады, бизнес үшін әділ бәсекелестік пен бағаны ашық белгілеуге жағдай жасайды, ал мемлекет үшін кедендік бақылауды күшейтіп, ұялы телефон ұрлығын азайтуға көмектеседі.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Оны талқылау уәкілетті органдардың және сарапшылардың қатысуымен жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сондай-ақ бірінші оқылымда «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» заң жобасы мен оның ілеспе түзетулері мақұлданды. Мәжілістегі Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы, құжат авторларының бірі Еділ Жанбыршин заң жобаларын таныстырып, олардың мақсаты қауіпсіздік, жауапкершілік, ашықтық және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің мемлекеттік бақылау қағидаттарына негізделген кешенді жүйесін құру екенін атап өтті.

— Заң жобасын Парламент депутаттары осыдан екі жылдан астам уақыт бұрын әзірлеген болатын. Ол Үкіметпен тиісті келісулерден және сараптама-лардан өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 9 қазанда Душанбе қаласында өткен «Орталық Азия — Ресей» екінші саммитінде Ядролық отын циклі және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы өңірлік құзыретті кеңес құру туралы бастамасына байланысты оның өзектілігі арта түсті, — деді депутат.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Дүйсенбай Тұрғанов бүгінде бұл саланы әртүрлі нормативтік актілердегі бөлек-бөлек нормаларға негізделгенін тілге тиек етті. Ал жаңа заң алғаш рет оларды бірыңғай құқықтық базаға біріктіреді.

Заң жобасы арқылы радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы негізгі ұғымдар, объектілер мен субъектілер айқындалады. Сондай-ақ олардың түрлері мен пайда болу көздері белгіленді. Қалдықтарды жинау, қайта өңдеу, кондициялау, сақтау, тасымалдау және түпкілікті көму процестері, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды жобалау, салу және пайдалану процестері реттеледі. Мемлекеттік есепке алу және бақылау тетіктері құрылып, мемлекеттік органдардың өкілеттіктері нақтыланады.

Заң жобасының негізгі жаналықтарының бірі — радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі Ұлттық оператор институтын құру. Ол еліміздің ядролық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз

етудегі негізгі буын ретінде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу және оларды түпкілікті көмуге қатысты толыққанды әрі кешенді жауапкершілікті өзіне алады деп күтілуде.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағына шетелдік радиоактивті қалдықтарды әкелуге, орналастыруға және көмуге тікелей тыйым салынады. Бұл норма экологиялық егемендікті, ұлттық мүдделер мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға бағытталған.

Жалпы отырыс барысында депутаттар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге байланысты сайлау жүйесін жетілдіруге бағытталған түзетулердің екі пакетін бірінші оқылымда мақұлдады. Оны депутаттарға Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин таныстырды.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Үнзила Шапақтың айтуынша, жаңа нормаларда округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау және мәслихат депутаттарының өкілеттігін тоқтату, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстарында қоғамдық жиналыстар туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау қамтылады.

Бұған қоса кандидаттардың сайлау қорларынан тыс қаражатты немесе өзге де материалдық көмекті тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізіледі. Онлайн-платформаларды қолданушылар үгіт жүргізудің, сайлауларды пікірталастардың тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгілеу ұсынылады.

Мәжіліс екінші оқылымда педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және бала құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңды ілеспе түзетулерімен қабылдады. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Жанарбек Әшімжанов атап өткендей, құжаттың қолданылу аясының кеңейтуіне байланысты оның атауы өзгертілді.

Ұсынылған нормалар мұғалімді артық жүктемеден арылтып, оның кәсіби еркіндігін қамтамасыз етеді. Енді педагогтардың білім алушылар алдындағы жауапкершілігі тек оқу процесі барысында ғана айқындалады. Бұл мұғалімді өзіне тән емес функциялардан қорғайды. Сондай-ақ заң жобасында есепті қағаз және электронды форматта қатар жүргізуге тыйым салынады.

Сонымен қатар баланың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін ата-аналардың жауапкершілігі де кеңейтілді. Бұған қоса, орта білім беру ұйымдарында ұялы құрылғыларды пайдаланудың бірыңғай қағидалары бекітілді. Бұл жаңашылдық оқушы назарын білімге аударуға және кибербуллингтің алдын алуға септігін тигізеді. Қазақстан аумағында озық шетелдік жоғары оқу орындарының қызметі үшін қолайлы құқықтық режимді бекіту және басқа да нормалар қабылданды.

Талқылау барысында денсаулық сақтау мәселелері жеке блок ретінде енгізілді. Оның аясында интеграцияланған модельге көшу арқылы медициналық білім беруді жетілдіру, денсаулық сақтау нысандарын салу мен пайдалануда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін тиімді қолдану нормалары қарастырылған.

Сонымен қатар Мәжіліс Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірленген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградaları туралы» заңға түзетулерді қабылдады. Құжатта AL-FARABI, QOJAHMET YASAUJI және «Мейірім» ордендерін тағайындау, сондай-ақ ордендермен және медальдармен марапаттау тәртібін өзгерту жөніндегі нормалар қарастырылған.

Жалпы отырыс барысында өткен аптада Қызылорда облысының әкімі лауазымына тағайындалған Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе де қаралды. Осыған байланысты Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы жөніндегі құрамына өзгерістер енгізілді. Комиссиядағы Мұрат Ерғешбаевтың орнына Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев келді.

Жалпы отырыс соңында депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 13 депутаттық сауал жолдалды. Оның барлығы Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-арнасында жарияланды.

# БАҒДАР

## 100 МЕДБИКЕ «АМАНАТ» ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛДЫ



12 мамыр – Халықаралық медбикелер күніне орай Астана қаласындағы №13 қалалық емханада «АМАНАТ» партиясының бастамасымен салтанатты іс-шара өтті. Жиын барысында бірқатар медицина саласының маманы партия қатарына қабылданып, оларға партиялық билет табысталды.

Іс-шараға «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова, Астана қалалық мәслихатының депутаты Салтанат Дженалаева, сондай-ақ партия жанындағы әйелдер қанатының өкілдері мен медицина саласының қызметкерлері қатысты. Мерекелік кеш алдында партия Хатшысы емхана ұжымымен кездесіп, медициналық мекеменің жай-күйімен танысты. Іс-шара барысында медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайы, науқастарға көрсетілетін қызмет сапасы, саладағы өзекті мәселелер және партиялық қолдау бағыты сөз болды. Әсіресе, күн сайын ондаған науқасты қабылдап отырған медбикелердің еңбегі мен жауапкершілігіне ерекше назар аударылды.

Өз сөзінде Шолпан Каринова сала мамандарының қоғамдағы рөлі ерекше екенін атап өтті.

«Медбикелердің еңбегі – үлкен жүрек пен сарқылмас мейірімді талап ететін ерекше қызмет. Көп жағдайда науқастың жанынан табылып, оның жағдайын бақылап, ем-шарасын жасап, әр сөзімен үміт сыйлайтын да – осы жандар. Әр науқастың жанынан табылып, оның жағдайын бақылап, қолдау көрсету үлкен жауапкершілік пен төзімділікті қажет етеді. Сондықтан медицина саласы қызметкерлерінің еңбегі әрдайым зор құрметке лайық», – деді ол.

Сонымен қатар партия Хатшысы кейінгі жылдары медицина қызметкерлерін қолдау бағытындағы заңнамалық өзгерістерге тоқталды. Оның айтуынша, Мәжілістегі «АМАНАТ» фракциясы мүшелерінің бастамасымен медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін

міндетті сақтандыру жүйесі енгізілген. Сондай-ақ «Үздік маман» республикалық байқауы бекітіліп, жеңімпаздарға 500 АЕК көлемінде біржолғы төлем беру қарастырылған. Бұдан бөлек, медицина қызметкерлерінің балаларын балабақшаға қабылдау кезінде басымдық беру, қызметтік міндетін атқару барысында қаза тапқан немесе мүгедектік алған медицина қызметкерлерінің балаларын жоғары оқу орындарына конкурстан тыс қабылдау секілді әлеуметтік қолдау тетіктері енгізілген.

Басқосудың негізгі ерекшелігінің бірі – 13 медбикенің «АМАНАТ» партиясы қатарына қабылдануы. Оларға салтанатты түрде партиялық билет табысталды. Партияның жаңа мүшелері бұл олар үшін үлкен сенім мен жауапкершілік екенін атап өтті. Сондай-ақ іс-шара барысында денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар медбикеге партия атынан алғысхат табысталды.

Айта кету керек, жалпы Астана қаласы бойынша партия қатарына 100 медбике қосылған. Мереке қарсаңында партияның елордалық филиалына қарасты бастауыш партия ұйым қызметкерлері қаладағы бірнеше медициналық мекемеге арнайы барып, медбикелерге гүл шоқтары мен алғысхат табыстады.

Еске сала кетейік, партияның сайлауды бағдарламасы аясында Астана қаласында 4 медициналық нысанға күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, биологиялық және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жүйесі қарастырылған патологиялық-анатомиялық бюро салынды. Сонымен қатар қаладағы медициналық ұйымдарға 1 100-ден астам жаса маман жұмысқа орналастырылып, 100-ден аса медицина қызметкері еліміздегі және шетелдегі жетекші ғылыми орталықтарда біліктілігін арттырды.

## ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТИІМДІ ҮЛГІСІ



Қызылордада «АМАНАТ» партиясының TURGYNDAR AMANATY жобасы аясында «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» тақырыбындағы өңірлік форум өтті. Жиын барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы өзекті мәселелер талқыланып, аталған жобаның саланы жетілдіру ісіндегі маңызына назар аударылды.

Форум жұмысына «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ерғешбаев, Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Канат Мыңбаев, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің «Қазақстандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамыту орталығы» АҚ Тұрғын үй қатынастары және нормативтік-техникалық реттеу департаментінің директоры Марғұлан Абдықаримов, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов, жауапты басқарма басшылары, «Пәтер иелері ассоциациясы» мен пәтер иелері кооперативтерінің басшылары және өкілдері қатысты.

«АМАНАТ» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев өңірде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, TURGYNDAR AMANATY жобасы көпқабатты үйлерді басқаруды жетілдіруге және тұрғындардың қатысуын арттыруға бағытталған тиімді тетік екенін жеткізді.

«Өңірде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып келеді. Қаланың сол жағалауында жаңа шағынаудандар бой көтеруде. Кейінгі үш жылда 939,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жалпы, облыста 1,5 мыңға жуық көпөңірлі тұрғын үй бар. Қызылорда қаласында тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасы аясында 65 көпөңірлі тұрғын үй күрделі жөндеуден өтті. Мемлекет басшысының бастамасымен Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 МВт болатын жаңа газ жылу-электр орталығы іске қосылды. Сонымен қатар қала тұрғындарын ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі кезең-кезеңімен шешілуде. Партияның сайлауды бағдарламасы аясында тұрғындардың әлауқатын арттыруға бағытталған жұмыстар

да өңірде жүйелі жүргізілуде», – деді Ержан Жылқыбаев.

Алайда партия Хатшысының айтуынша, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын басқарудың жаңа моделін қалыптастыруды тапсырды. Бұл салада нақты нәтижеге бағытталған практикалық шешімдер қабылдау аса маңызды. Осы орайда, «АМАНАТ» партиясы TURGYNDAR AMANATY жобасын іске қосты. Жобаның басты мақсаты – қолайлы, қауіпсіз, жайлы және заманауи қалалық орта қалыптастыру және тұрғындардың белсенділігін арттыру.

Жалпы, бұл жоба салада қордаланып қалған мәселелерді жүйелі түрде шешуге бағытталуда. Бұл ретте, өңірде МИБ және ПИК төрағаларын оқыту, кері байланысты күшейту, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын қолға алу және белсенді азаматтар қатарынан кадрлық резерв қалыптастыру жоспарланып отыр. Осыған байланысты партия Хатшысы аталған мақсаттарға қол жеткізу және тұрғындар мен басқарушы ұйымдар арасындағы байланысты күшейту үшін партияның өңірлік филиалына фронт-офис ашуды тапсырды.

Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ерғешбаев өңірде тұрғындардың әлауқатын арттыру және азаматтардың тұрмысын жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыс туралы баяндады.

«Кейінгі үш жылда өңірде электр жүйелерін жаңартуға 15 млрд 400 млн теңге қаржы бөлініп, 1 073 шақырым электр желісі және 257 дана қосалқы станса жаңғыртылды. Жылу желілерін жөндеуден өткізуге 19 млрд 500 млн теңге қаржы бөлініп, 27 шақырым жылу желісі жаңартылды. Барлық елді мекен 100% орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Қызылорда қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамту жобасы жүзеге асырылып, бүгінде қала тұрғындары оның игілігін көруде.

Облыс аумағында 3 млрд 500 млн теңгеге 65 көпөңірлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізілді. 60 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті заманауи панельдермен жаңартылды. 70 тұрғын үйді жаңарту жұмысы жүргізілуде. Тұрғын үйлердің аулдарында демеушілер есебінен балаларға арналған 80 спорт алаңы пайдалануға берілді. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. TURGYNDAR AMANATY жобасы оны жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретініне сенімдімін», – деді аймақ басшысы.

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы реформалардың басты мақсаты жүйелі түбегейлі өзгерту емес, оны заман талабына сай жетілдіру екенін атап өтті. Оның айтуынша, заңнамадағы өзгерістер тұрғындардың жауапкершілігін арттырып, басқару процесінің ашықтығын күшейтуге, қаржыны тиімді бақылауды қамтамасыз етуге және меншік иелерінің шешім қабылдау барысындағы ролін нақтылауға бағытталып отыр. Сонымен қатар әрбір тұрғын үйге басқару түрін өз бетінше таңдауға мүмкіндік беріледі. Бұл қадам тұрғындардың өз мүлкіне деген жауапкершілігін күшейтеді.

«Енді тұрғындар «біз төлейміз, бірақ ештеңе шешпейміз» деген түсініктен арылуы керек. Бүгінде таңдау да, шешім де – тұрғындардың өз қолында. Үйдің тазалығы, жөндеу жұмыстары мен қаржының дұрыс жұмсалуы тұрғындардың белсенділігі мен бақылауына тікелей байланысты», – деді депутат.

Форум барсында Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Канат Мыңбаев, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің «Қазақстандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамыту орталығы» АҚ Тұрғын үй қатынастары және нормативтік-техникалық реттеу департаментінің директоры Марғұлан Абдықаримов сөз сөйлеп, өз ойларын ортаға салды. Мәселен, Пәтер иелері ассоциациясының Қызылорда қаласы бойынша төрайымы Илимжауар Сартова Қызылорда қаласында орталықтандырылған биллинг қызметін көрсететін компания құру туралы ұсынысын жеткізді.

«Біз жұмыс барысында тұрғындар мен басқарушы компания арасындағы мәселелерге жиі тап боламыз. Көбіне тұрғындар тек көзге көрінетін жұмыстарды байқайды, ал үйдің инженерлік жүйелері мен жалпы тазалығы сияқты маңызды аспектілерді назарға алмайды. Мәселен, үйді күтіп ұстауға қажет қаражатты уақытылы төлеу мәселесі ақсап жатады. Сондықтан Қызылордада орталықтандырылған биллинг қызметін көрсететін компания құрылуы дұрыс дейміз», – деді Илимжауар Сартова.

Жиын барысында ұйымдастырушылар TURGYNDAR AMANATY жобасы тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасындағы ашық әрі конструктивті диалог алаңына айналдыруына сенім білдірді. Іс-шара соңында қатысушыларға алғысхаттар табысталып, бірқатар азамат партия қатарына қабылданды.

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында «АМАНАТ» партиясы Саяси менеджмент академиясының ұйымдастыруымен функционалдық құзыреттерді дамытуға арналған үш күндік модульдік оқу жұмысы басталды. Оған жалпы саны 110 адам қатысып, біліктілігін арттыруда.

## БАСҚАРУШЫ КАДРЛАР КОРПУСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



Айта кетейік, бұған дейін «АМАНАТ» партиясы саяси ұйымның кадрлық активінің функционалдық құзыреттерін дамытуға бағытталған жаңа жобаны қолға алған болатын. Жоба жергілікті жерлерде кәсіби әрі тиімді басқарушы буынды қалыптастыруды көздейді. Мұндағы басты мақсат – өңірлердегі өзекті мәселелерді жедел шешуге, азаматтармен ашық әрі сындарлы диалог орнатуға қабілетті жаңа форматтағы басқарушы кадрлар корпусын қалыптастыру.

Өз кезегінде, «АМАНАТ» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Мұрат Мұқаев модульдік оқу жұмысының мәні мен маңызына тоқталды. «Оқу курсына барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, ауылдық округ әкімдері және бастауыш партия ұйымдарының белсенділері қатысуда. Алдағы уақытта олар тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнату негіздерін жетілдіреді. Сондай-ақ осы оқу барысында жаңа тақырыптарды меңгеруге де мүмкіндік жасалуда», – деді ол.

Осылайша, Саяси менеджмент академиясының мамандары, кәсіби лекторлары дөріс оқып, қатысушылардың функционалдық құзыретін дамытуға және біліктілігін арттыруға күш салуда. Осы орайда

«АМАНАТ» партиясының Ұйымдастыру және аумақтық жұмыс департаменті директорының орынбасары Жанлоос Қалтаев оқу жұмысы барысында теория мен тәжірибеге айрықша мән берілетінін мәлімдеді.

«Оқу барысында тек теориялық материалдармен шектелмей, тәжірибеге негізделген ұтымды тәсілдер туралы айтамыз. Тұрғындармен, сайлаушылармен жүйелі әрі тиімді жұмыс істеу, өңірдің әл-ауқатын арттыру, аймақтардағы проблемаларды шешу мәселелеріне баса назар аударылады», – деді ол.

Бұл ретте Таскала аудандық мәслихатының төрағасы, «АМАНАТ» партиясының мүшесі Жанар Бисенғалиева модульдік оқу жұмысы тақырыптарына тоқталды. «Бүгін «АМАНАТ» партиясы ұйымдастырған оқу жұмысына қатысып отырмыз. Аудандық мәслихат депутаттары ретінде «Жеке көшбасшылық және құндылық бағдарлары» және «Өңірлік дамуы басқару» тақырыптарын қамтыған модульдерде біліктілігімізді арттырып жатырмыз. Бұл – аудан аумағында, ауылдық округтермен жұмыс істеу барысында қолдануға мүмкіндік беретін маңызды тақырыптар. Оқудың алғашқы күні мазмұнды мағлұматтар алдық», – деді ол.

## АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРЫСЫ – ЕР ЖАЛАҢТӨС



Сыр өңірінде «АМАНАТ» партиясының қолдауымен Қызылорда облысының әкімдігі «Алты Алаштың арысы – Ер Жалаңтөс» тақырыбында республикалық ақындар айтысын ұйымдастырды. Дүбірлі дода даңқты қолбасшы Жалаңтөс Баһадүрдің 450 жылдығына арналды.

Мұндағы мақсат – Жалаңтөс Баһадүрдің ерлік пен өрлікке толы өмір жолын насихаттап, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, айтыс өнері арқылы елдің рухын асқақтату.

Айтыс тізгінін ұстаған белгілі ақын, Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай ұлттық өнерді ұлықтау ұлт руханиятын нығайтудың маңызды тетігі екенін атап өтті. Сондай-ақ ол айтыс өнері арқылы жастарға тарих пен тағылымды насихаттаудың маңызы зор екенін жеткізді.

«Бүгінгі айтыс аламына аузымен күс тістеген жыр жүйріктері жиналып отыр. «АМАНАТ» партиясының қолдауымен ұйымдастырылып отырған бұл рухани дода – ұлттық өнер мен руханиятқа көрсетілген зор құрметтің көрінісі. Айтыстың Женіс күні қарсаңында өтуінің де өзіндік мәні бар. Себебі Жалаңтөс Баһадүр – өз заманында ел мен жер үшін күресіп, қол бастаған тарихи тұлға. Осындай тағылымды іс-шаралар арқылы тарихи тұлғалардың ерлігі ұлықталып, ұлттық мұрамыздың мәртебесі арта түседі», – деді ол.

Өз кезегінде, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбетов Жалаңтөс Баһадүрдің ел тарихында алар орнына тоқталды. Ол батырдың тек қолбасшы ғана емес, өркеніет пен мәдениеттің дамуына үлес қосқан тарихи тұлға екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тарихты білу дегеніміз өткенмен өмір сүру емес. Біз тарихымызды терең білу және одан тағылым алу арқылы өткеннің қателігін қайталамайтын, Ұлы даланы мекендеген ұлы бабалар жолын лайықты жалғастыра алатын ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз», – деген болатын.

Жалаңтөс Баһадүр – Қазақ хандығының сындарлы кезеңінде саясаткер әрі қолбасшы болған, ел есінде мәңгі сақталған бірегей тұлға. Аймағымызда батыр рухына арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның ішінде бүгінгі республикалық айтыс ерекше маңызға ие», – деді облыс әкімінің орынбасары.

Дүбірлі додаға еліміздің әр өңірінен келген 12 ақын қатысты. Олар Жалаңтөс Баһадүрдің тұлғасын жырлап қана қоймай, ел бірлігі, адал еңбек, білім мен ғылым, ауылдың дамуы, тазалық мәдениеті мен заң үстемдігі сынды қоғамдық маңызды бар тақырыптарды жырға арқау етті.

Сөз сөйлеуіне Қазақстанның Халық жазушысы Жүрсін Ерман бастаған белгілі ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері қазылық етті. Нәтижесінде, бас жүлде Жұлдызай Маратбекке бұйырды. Ал жүлделі 1-орынды Мұхтар Ниязов иеленсе, 2-орын Хавдолла Бейісханға табысталды. Бұл ретте 3-орынды Мақсат Ақанов пен Мейірбек Сұлтанхан бөлісті. Сондай-ақ Дидар Қами Жалаңтөс Баһадүр атындағы арнайы жүлдемен марапатталды.

Үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов өз сөзінде ұлттық өнер сабақтастығына тоқталды. Оның айтуынша, рухани құндылықтарды сақтау – ұрпақ тәрбиесінің өзегі.

«Сыр елі ұлттық өнерімізді үнемі ұлықтап келеді. Себебі кейінгі ұрпақ бабалар өнері мен өсиетін бойға сіңіруі қажет. Сондықтан бүгінгі айтыс ерекше мәнге ие. «АМАНАТ» партиясы ұлттық мұрамызды ұлықтау ісінде айрықша рөл атқарады. Бұл бағыттағы игі бастамалар алдағы уақытта жалғасын табарына сенімдімін», – деді Мұхтар Ниязов.

# ТҮРКІ БІРЛІГІ

14 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Осы күндері түбі бір түркі елдері басшылары қазақ жеріне жиналып жатыр. Жұма күні көне Түркістан шаһарында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшыларының бейресми саммиті өтеді. Ал кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақырумен Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған Астанаға мемлекеттік сапармен келді.



# ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

**Амангелді ҚҰРМЕТ**

Бауырлас қос елдің басшылары екі-жақты байланыстардың қазіргі жай-күйін талқылап, алдағы перспективалар жөнінде пікір алысады. Әрі бүгін Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысын өткізеді. Президенттер мен түрлі құрылым басшылары бірқатар құжатқа қол қояды. Бір ай бұрын Астанаға келген Түркия вице-президенті Жевдет Йылмазды қабылдаған кезде Қасым-Жомарт Тоқаев мамырдағы кездесуде маңызды құжаттарға қол қойылатынын, екі елдің стратегиялық серіктес екенін атап өткен болатын.

«Бауырластығымыз өзара сенім мен құрметке негізделген. Дипломатиялық қатынас орнаған 35 жылға жуық уақыт ішінде біз көптеген биік белесті бағындырдық. Қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр. Арамызда ешқандай түйткіл жоқ. 14 мамырда Президент Режеп Тайып Ердоған елімізге мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің кезекті отырысын өткіземіз. Жаңа келісімдерге қол қоямыз», — деген еді Мемлекет басшысы. Демек, Қазақстан — Түркия ынтымақтастығын тереңдетудің келесі қадамы жасалып жатыр.

### АЛМАСАН, БЕРМЕСЕН ...

Жалпы, Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың тамыры терең. Әдетте ресми байланыстардың 1991 жылдың 16 желтоқсанында Түркияның Қазақстан тәуелсіздігін ресми мойындайтынын мәлімдегеннен бастағанымызбен, қос халықтың байланыстары одан бұрын да үзіле қоймаған. Оғыз тайпаларының Анадолия өлкесіне қоныс аударған жылдарын айтпағанда, беріректе Осман империясы мен Қазақ хандығының өзара байланысы болғаны, XX ғасырдың басында Мағжан ақынның түрік бауырларға



арнап жыр арнағаны тарихтан белгілі. Ал тәуелсіздік жылдарында бұл қарым-қатынастар жаңа сипатқа ие болды. Алайда алғашқы 30 жылға жуық уақытта Қазақстан мен Түркияның өзара сауда айналымын 5 млрд долларға жеткізу турасындағы жекеге жету біршама күрделі болғаны жасырын емес.

Тек 2020 жылдан кейін өзара саудасаттық, жан-жақты байланыстар жаңа белеске көтерілді. Ресми Астана мен Анкараның серіктестігі мәдени-рухани сипаттан асып, нақты прагматикалық бағытқа ие болды. Жиырма жылға жуық уақыт жеткізбестей көрінген 5 млрд долларлық тауар айналымы жеңілінен астық. Салыстырғанда, 2019 жылы екі елдің арасындағы өзара тауар айналым көлемі 3,9 млрд доллар болса, 2024 жылы 5 млрд, 2025 жылы 5,4 млрд долларға жеткен. Түркияның Қазақстанға құйған инвестициясының көлемі 6 млрд доллардан асты. Үкімет жетекшісі Олжас Бектенов сәуір айында осы деректі айта отырып, Қазақстанның Түркияға салған инвестициясы да артқанын тілге тиек етті. Қазақстан Анадолия еліне 2,4 млрд доллардың инвестициясын құйыпты. Қазақстанда түрік капиталы құйылған 5 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істейді. Күні бүгінге дейін 4 млрд долларлық 98 инвестициялық

жоба жүзеге асырылды. Сонымен бірге құны 3,9 млрд доллар болатын қосымша 50 жоба іске асырылып жатыр. Осылайша, Түркия Қазақстанның 5 ірі сауда-саттық, 10 ірі инвестициялық әріптесінің қатарына кіріп отыр. Бұл дегеніміз кейінгі бес жылда екі елдің өзара қарым-қатынасы жаңа сипатқа көтерілгенін байқатса керек. Алдағы жылдары екі елдің өзара тауар айналымын 15 млрд долларлық межеге жеткізу міндеті тұр. Қазіргі қарқынмен оған жететін күн де тым алыс болмаса керек.

Біздің пайымдауымызша, Қазақстан — Түркия қарым-қатынастарының жаңа белеске көтерілуіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүйелі әрі прагматикалық саясатының әсері болғаны анық. Себебі екі елдің арасында 2009 жылы қол қойылған Стратегиялық әріптестік туралы шарт болғанымен, саудасаттық көлемі көңілдегідей бола алған жоқ. 2022 жылы Қ.Тоқаевтың Түркияға сапары кезінде қос елдің басшылары шартты «кенейтілген стратегиялық серіктестік» деңгейіне көтеру туралы бірлескен мәлімдеме жасады да, содан соң өзара қарым-қатынас деңгейі өсіп, алыс-беріс артып сала берді.

Түркиядағы Османье Қорқыт Ата университетінің оқытушысы, халықаралық қатынастар сарапшысы Эмрах Кая өзара байланыстың нығайуына сол 2022 жылғы бастама себеп болғанын айтады. Әрі Қазақстан тарапы ұсынған деректерден бөлек мәлімет келтіреді. Шамасы Түркиядағы есеп-қисапты өзгерістерден болса керек, сарапшы екі ел арасындағы сауда көлемін 10 млрд доллар ретінде бағалаған. Қызығы сол, Түркия медиасы да осындай жоғары көрсеткіштерді ұсынады.

— Екі мемлекет арасындағы қатынастар Режеп Тайып Ердоған мен Қасым-Жомарт



саласын қамти бастады. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, білім, денсаулық сақтау, қаржы, құрылыс, қорғаныс өнеркәсібі тәрізді салалардағы ынтымақтастық нығая түсті.

Эмрах Кая бұл бағыттардағы серіктестік өзекті екенін алға тартты.

— Қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық та кейінгі жылдары айтарлықтай артты. Осы шеңберде TUSAŞ пен Kazakhstan Engineering арасында 2022 жылы ANKA ұшқышсыз әуе аппаратын Қазақстанда бірлесіп өндіруге қатысты келісімге қол қойылды. Бұл даму екі ел арасындағы қорғаныс өнеркәсібі ынтымақтастығының технология алмасу деңгейіне жеткенін көрсету тұрғысынан маңызды.

Жаһандық деңгейде қарқын алып отырған технологиялық трансформация жасанды интеллект пен киберқауіпсіздік салаларын стратегиялық маңызды бағыттарға айналдырды. Осыған байланысты Қазақстан мен Түркия арасында ғылым, технология және өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету, сондай-ақ жасанды интеллект, цифрлық инфрақұрылым және киберқауіпсіздік бағыттарында ортақ жобаларды жүзеге асыру ұзақмерзімді перспективада екі тарапқа да елеулі стратегиялық артықшылықтар бере алады, — дейді ол.

Бұл айтылғандарды нақты статистикаға негізделген экономикалық ынтымақтастықтың көрсеткіштері ретінде бағалайтынмыз рас. Дегенмен қазақ-түрік қарым-қатынасының мәдени-рухани сипаты да бар. Қос халық бір-бірінің туыс екенін жақсы сезінеді. Түркия емханаларына барып емделу қазақстандықтар үшін таңсық дүние емес. Бауырлас елде білім алып жатқан жастарымыз да мол. Статистикаға көз салсақ, 2026 жылдың сәуірінде Түркияда 12 893 қазақстандық студент білім алып жүр. Қазақстанда да жүздеген түрік студенті білім алады. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2029 жылға қарай Қазақстандағы шетелдік студенттер санын 100 мыңға жеткізу міндетін жүктегенін ескерсек, алдағы жылдары түркиялық білім алушылар саны еселеп өсуі мүмкін. Оған еш келергі жоқ. Ал өз кезегінде бұл жастардың етене араласуына, соның нәтижесінде ынтымақтастықты тереңдететін қосалқы фактор рөлін атқаруына жол ашады. Мұны екіжақты байланыстарды тағы бір қыры ретінде бағалауға болады.

### ДИПЛОМАТИЯ — ОРТАҚ ҰСТАНЫМ

Осы тұста Қазақстан мен Түркияның халықаралық мәселелерге қатысты ұстанымы да біршама үйлесімді бола түскенін атап өту керек. Қазақстан Президенті БҰҰ-ны реформалау қажет екенін ұдайы алға тартып келеді. Ал бұл ұсынысты Түркия да қолдап отыр. Халықаралық дау-жанжалды дипломатиялық жолмен шешу тұрасындағы ұстанымдарымыз да ұқсас. Сонымен қатар Түркі мемлекеттері ұйымының жұмысын жандандыру да қос елдің маңызды саяси ұстанымдарының қатарына кіреді.

Одан бөлек, «Орта дәліз» жобасына Түркия кейінгі жылдары айрықша назар

аударып бастады. Былтыр жазда Қ.Тоқаев Анкараға жұмыс сапарымен барардан бірер күн бұрын, Түркия Әзербайжанның Нахичевань автономиялы республикасымен шекараға қарай теміржол салуды бастады. Қарс — Игдыр — Нахичевань бағытындағы жолдың ұзындығы 224 шақырым болмақ. Құрылысқа 2,4 млрд доллар бөлінді. Бәлкім, сырт көз үшін Кавказ жақтағы инфрақұрылымның Қазақстанға қатысы шамалы болып көрінуі мүмкін. Алайда Қазақстан «Орта дәліз» жобасының бекем болуы үшін, төңіректегі мемлекеттерді бір мақсатқа жұмылдыру үшін барын салып жатыр. Тіпті, Түркияның да бұл бағытқа назар аударуына Қазақстан мен Әзербайжанның ықпалы зор болды деуге негіз бар. Сондықтан «Орта дәліз» бағытын жетілдіретін кез келген

жақты ынтымақтастықты дамытуға ұмтылып келеді. Қарым-қатынастардың кеңеюі мен тереңдеуі барысында тау-кен өндірісі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, авиация, ауыл шаруашылығы, төтенше жағдайларды басқару және медиа сияқты жаңа ынтымақтастық бағыттары күн тәртібіне шыққан. Дегенмен жоғарыда біз атап өткен бағыттарда әлі де болса байланысты нығайту қажет.

— Тараптар қол қойған келісімдер мен айқындалған стратегиялық мақсаттарға қарамастан, екіжақты қатынастарда әлі де жетілдіруді қажет ететін бірқатар бағыт бар. Бұл салалардың басым бөлігі шамамен отыз жылдан бері Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың негізгі күн тәртібінде сақталып келеді.

Олардың бірі — қауіпсіздік және әскери ынтымақтастық. Тараптар өңірлік және жаһандық тепе-теңдікті ескере отырып стратегиялық қадамдар жасап отырғанымен, қазіргі уақытта күшейіп отырған түрлі сын-қатер неғұрлым институционалдық және құрылымдық әскери әріптестіктің қажеттілігін айқындай түседі. Екі мемлекеттің де қауіпсіздік саясаты қорғаныс пен тежеу қағидастарына негізделген. Осы тұрғыдан алғанда, әскери байланыстарды нығайту қауіпсіздік саласында өзара толықтырушы көзқарас қалыптастырып, анағұрлым тиімді тежеу жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастықты да тереңдету қажет. Қазақстан мен Түркияның тарихи тәжірибесі мен әртүрлі әскери блокпен байланыстары олардың қорғаныс доктриналары мен қару-жарақ жүйелерінде белгілі бір айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Алайда бұл ерекшеліктер тараптарға жаңа әрі гибриді қорғаныс тәсілін әзірлеуге мүмкіндік бере алады. Бұл тұрғыда Түркия мен Әзербайжан арасындағы әскери ынтымақтастық үлгісі назар аударуға тұрарлық.

Сонымен қатар қарулы күштерді жаңғырту, әскери әлеуетті арттыру және операциялық үйлесімділікті күшейту қорғаныс саласындағы әріптестіктің маңызды толықтырушы элементтері болып табылады. Тараптардың бір-бірінің қорғаныс өнеркәсібі өнімдеріне басымдық беруі және жекелеген салалардағы олқылықтарды өзара технологиялық және өндірістік мүмкіндіктер арқылы толықтыру стратегиялық сенімнің тереңдеуіне ықпал етуі мүмкін, — дейді Эмрах Кая.

Әлбетте, бұл сарапшының өз пайымы. Дегенмен бұл бағыттағы ынтымақтастық кейінгі жылдары біршама алға басқаны мойындау керек. Қазақстан нарығына Түркия қорғаныс өнеркәсібі кешенінің белді фирмалары кіре бастады. Бронды техника, әскери кеме жасау, патрон өндіру, ұшқышсыз ұшатын аппарат құрастыру бағытында уағдаластықтар бар. Әскерге қажет құрал-жабдықтар, түнде көретін құрылғылар, байланыс құралдарын өндіретін «Қазақстан Аселсан инжиниринг» бірлескен компаниясының жұмыс істеп тұрғанына 15 жылдай болды.

Одан бөлек, екі елдің әскери мамандары тығыз байланыс орнатқан. Айталық, биыл мамырдың басында Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабының бастығы, генерал-лейтенант Шаныш Әубәкіров Түркияға барды. Түрік әскерілері де Қазақстанға жиі ат басын тірейді. Екі елдің өзара әскери жаттығулары да ұйымдастырылып тұрады. Бүгінде Түркияның әскери оқу орындарында 200-ге жуық қазақстандық офицер мен курсант білім алып жатыр. Демек, екі елдің қарым-қатынастарын қалай болғанда да жан-жақты сипаты бар құбылыс ретінде бағалау керек.



зақстан мұнайын да көптеп ала бастаған. Айталық, 2025 жылы Түркия Қазақстаннан 3,7 млн тонна мұнай сатып алған. Бұл дегенің Түркия нарығында үшінші орынға шыққанымызды білдіреді. Яғни, геосаясаттағы турбуленттіліктің өзін ұтымды пайдаланып жатырмыз.

### ҚАУІПСІЗДІК ТЕ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Айтпақшы, Қазақстан — Түркия қарым-қатынастарындағы кей бағыттар «үй артында кісі бар» дегендей, әлемдегі хам аймақтағы ахуалға байланысты сәл кен-желеп қалатындай көріністің рас. Мұны бізбен пікірлескен сарапшы Эмрах Кая да растап отыр. Әсіресе, қауіпсіздік, қорғаныс өнеркәсібі кешеніне байланысты серіктестікті нығайту барысында «екі шоқып, бір қарайтын» кездеріміз бар. Сарапшының айтуынша, екі мемлекет ұзақ уақыттан бері көпқырлы әрі жан-

### Түйін:

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде айтсақ, Қазақстан мен Түркия қарым-қатынасы бұрын-соңды дәл қазіргідей деңгейге жеткен емес. Сөйте тұра екі жақ бүгінгіге тоқмейілісіп отыруды да көздемейді. Күн өткен сайын өзара алыс-беріс, барыс-келіс нығая берері сөзсіз. Бүгін өтетін кездесулерде де маңызды құжаттарға қол қойылары, жаңа межелер белгіленері анық. Ал әр жеке мен мақсат, бауырлас елдер басшыларының осы жолдағы әр бастамасы, әр қадамы екі халықты замана көшінен қалдырмауды көздесе керек.



## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІ



Соңғы жылдары елімізде қоршаған ортаның жай-күйіне бейжай қарамау ұстанымы қоғам мәдениеті мен азаматтық жауапкершілікті айқындаушы өлшемдердің бірі ретінде қалыптасуда. Тазалық енді тек тұрмыстық мәселе ретінде ғана емес, жетілген қоғамның маңызды көрсеткішіне айналуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Таза Қазақстан» бастамасы осы үрдістің жан-жақты орнығуына тікелей ықпал етуде. Бұл бастама экологиялық науқан аясында шектелмей, қысқа уақыттың аралығында жалпыұлттық қозғалысқа ұласты. Президент атап өткендей, бүгінде тазалық ұғымы ұлттық бірегейліктің ажырамас бөлігіне және еліміздің негізгі құндылықтарының біріне айналып отыр.

Президенттің бұл бастамасы аясында нақты нәтижелерге қол жеткізілуде.

Жоба іске қосылғаннан бергі екі жыл ішінде еліміз бойынша 1,5 мыңнан астам экологиялық іс-шара өткізілді. Оларға миллиондаған отандасмыз қатысты. Елді мекендерді көгалдандыру және экожүйелерді қалпына келтіру бағытында ірі жобалар жүзеге асырылуда. Соның ішінде Арал

теңізінің құрғаған табанында жүргізіліп жатқан ауқымды орман-мелиорациялық жұмыстары да бар.

Алайда бастаманың басты нәтижесі шығарылған коқыс көлемімен өлшенбейтіні анық. Ең маңыздысы – ҚОҒАМНЫҢ ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПКЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫНЫҢ БІРТІНДЕП ӨЗГЕРУІНДЕ. Президент атап өткендей: «Таза Қазақстан» идеологиялық тұжырымдамасының түпкі мәні көшелерді, аулаларды және айналамызды таза ұстаудан ғана емес, Қазақстан азаматтарының әлеуетін арттыруға бастайтын ниет пен пейілдің тазалығынан көрініс табады».

Мемлекет басшысы өз сөзінде тазалық ұғымына материалдық тұрғыдан әлдеқайда кең, терең мағынада қарайды. Ниет пен пейілдің тазалығын тілге тиек ету арқылы тазалық ең алдымен адамның ішкі мәдениетінен бастау алатыны туралы айтып отыр. Себебі жүректің тазалығы, көңіл мен ойдың тазалығы адамның әрекетін анықтаушы негізгі факторлар. Таза ниет, таза ой, таза пейіл – адамның ішкі тазалығының көрінісі.

Хакім Абай «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деген. Ойшылдың осы сөзінен адамның іс-әрекетінің қалай аяқталатыны, нәтижесі оның қандай ниетпен басталатынына байланысты екенін ұғынамыз. Адамның іс-әрекеті оның бастапқы ниетіне байланысты болады. Сондықтан қоршаған ортаны қорғауға бағытталған біздің барлық әрекетіміздің нәтижесі оны ішкі мәдениетімізбен саналы тұрғыдан сезінуімізге, шын ынтымақтың болуына байланысты.

Тазалыққа егіз ұғым адалдық. Адалдық ниет пен пейіл тазалығының көрінісі. Президент атап көрсеткен Адал азамат ұғымының астарында ары таса, қолы таза, жүрегі таза адамның тұлғасы туралы ой жатыр. Тазалық пен Адалдық қағидатының

біздің өміріміздің барлық саласына орнығуы ерекше маңызға ие. Сонда қоғамда жемқорлыққа қарсы тұру иммунитеті қалыптасады. Адалдық пен жауапкершілік адамның іс-әрекетіне жетекшілік етеді.

Таза Қазақстан туралы айтқанда, тазалықты біз бір қырынан ғана емес, оған осылай кең мағынада қарағанмыз жөн.

Мұндай пікір «Таза Қазақстан» бастамасы мазмұнының әдеттегіден едәуір кеңірек екенін білдіреді. Мұндағы негізгі мақсат – қоршаған ортаны аялауды қоғамдық мінез-құлықтың тұрақты нормасына, ал тазалық, адалдық, жауапкершілікті әр азаматтың күнделікті әдетіне айналдыру.

Қоршаған ортаға деген ерекше көзқарас пен қатынастың тарихи тамыры тереңнен бастау алады. Ұлы даладағы дәстүрлі мәдениетке сай, бабаларымыз әрдайым табиғатпен етене байланыста, үйлесімділікте өмір сүрген. Өзін табиғатты бағындырушы емес, оның ажырамас бір бөлігі ретінде сезінген.

Әлет-ғұрып нормалары, соның ішінде «Жеті жарғы» заңдар жинағының ережелері, ортақ игілік саналатын жер мен табиғи ресурстарға деген жауапкершілікті бекітті. Біздің ата-бабаларымыз табиғатпен өзара әрекеттесудің бірегей үлгісін қалыптастырды. Ол маусымдық тепе-теңдікке, жайлыларды ұтымды пайдалануға және су көздеріне ұқыпты қарауға негізделді. Бұл ғасырлар бойы дала экожүйелерінің тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік берді.

Мұндай үлгіні зерттеушілер ғылыми және публицистикалық әдебиеттерде көбіне адам мен табиғаттың жоғары үйлесім табуы ретінде сипаттайды. Оның негізінде табиғатты адам үшін пайдалану нысаны емес, керісінше, аялау мен ұқыптылықты талап ететін ортақ үй ретінде қабылдайтын дүниетаным жатыр.

Бүгін бұл тарихи түсініктер жаңаша қырынан қарастырылуда. Қазіргі әлемде мемлекеттердің орнықты дамуы көбіне тек

экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаның сапасымен де бағаланады. Экологиялық мәдениет жетілген азаматтық қоғамның негізгі белгілерінің біріне айналып келеді.

Бұл, әсіресе климаттық сын-қатерлер күшейіп отырған қазіргі жағдайда, соның ішінде біздің өмір үшін де өзекті. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясының жалпы дебатарында атап өткендей, Орталық Азияда температура әлемдік орташа көрсеткішпен салыстырғанда екі есе жылдам өсіп келеді. Алатау тауларындағы мұздықтардың желел еруі миллиондаған адамның су және азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерді айтарлықтай күшейтіп отыр. Осыған байланысты табиғатқа ұқыпты қарау тек мәдениет мәселесі ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторға айналуда.

Сондықтан «Таза Қазақстан» бастамасы стратегиялық мәнге ие болып отыр. Ол тек абаттандыру мен тазалықты қамтамасыз ететін құрал ғана емес, сонымен қатар қоғамның қазіргі экологиялық сын-қатерлерге бейімделуінің маңызды тетігіне айналуда.

«Таза Қазақстан» іс жүзінде экологиялық жауапкершіліктің біртіндеп жалпыұлттық құндылыққа айналып келе жатқанын көрсетіп отыр, бұл құндылық мемлекет, бизнес және қоғамды біріктіреді.

Әсіресе, бұл акцияға еріктілердің, жастардың, қоғамдық ұйымдардың және кәсіпкерлердің белсенді түрде қатысуы өте маңызды. Соның арқасында қоршаған ортаға деген ұжымдық жауапкершілік қағидасы қалыптасуда.

Іс жүзінде қоғамдық санада айтарлықтай өзгеріс жүріп жатыр. Тазалық мәселелері енді жекелеген қызметтердің ғана міндеті ретінде қарастырылмай, әр азаматтың ортақ жауапкершілігіне айналуда. Экологиялық бастаманың басты нәтижесі жауапкершілік

мәдениетін қоғамдық норма ретінде қалыптастыруда болып отыр.

Президент атап өткендей, «Екі жылда аталған прогрессивті бастама жалпыұлттық қозғалысқа айналды. Жоба тың мазмұнмен толығып, шын мәнінде, Әділетті Қазақстан идеясының өзегіне айналып келеді. «Таза Қазақстан» қағидаты, «Заң және тәртіп», «Адал азамат» тұжырымдамалары тұтас құндылықтар жүйесін құрап, мемлекеттік басқару мен қоғамның ажырамас бөлшегі болуға тиіс».

Осыдан жаңа азаматтық сана қалыптасады. Азаматтық сана жеке адамдардың ортақ құндылықтарды құрметтеуінен, құқықтар мен міндеттерді, қоғамдық ортақ қағидаларды сақтауынан, жауапкершілікті өз мойнына ала білуінен көрінеді.

Онда жауапкершілік қоршаған ортаға ұқыпты қараудан, сонымен қатар заңды сақтау, шешімдердің әділдігі және сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілік арқылы да көрініс табады.

Атап өту керек, елімізде аталған құндылықтардың біртұтастығын орнықтыру конституциялық деңгейде жалғасын тапты. Жоғары экологиялық мәдениет, қоршаған ортаға ұқыпты қарау және азаматтық жауапкершілік қағидалары 2026 жылғы 15 наурыздағы жалпыұлттық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының халықтық Конституциясында нақты белгіленіп, құқықтық негізге ие болды. Конституцияның 3-бабында мемлекет қызметінің негізгі қағидаларының бірі ретінде «жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру» тікелей бекітілсе, 37-бапта азаматтардың табиғатты сақтау және оның байлығына ұқыпты қарау жөніндегі конституциялық міндеті айқындалды. Бұл «Таза Қазақстан» бастамасының уақытша науқан емес екенін, қоршаған ортаның тазалығы, ой тазалығы және басқару тазалығын біртұтастықта қарайтын мемлекеттік ұзақмерзімді стратегия екенін айқын көрсетеді.

Олай болса маңызды бастама алдағы уақытта да жалпыұлттық сипат алып, қоғамдық санада жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыруда шешуші рөл атқара берері анық.

**Дархан ЖАЗЫКБАЙ,**  
Мемлекеттік қызмет  
істері агенттігінің төрағасы

## ШАҒЫН АВИАЦИЯ – ТҰТАСТЫҚ ТІРЕГІ



Ел қуаты қияндағы ауылына қаншалықты тез жететінімен де өлшенеді. Автокөліктің өзі өте алмайтын, теміржолы мен су жолы жоқ аймақтарға жеткізетін бір ғана мүмкіндік – шағын авиация. Бұл тұрғыда шағын ұшақ пен тікұшақ жай көлік құралы емес, мемлекет тұтастығының, территориялық бүтіндіктің көпірі. Елдің іргесі берік болуы үшін әр қиырындағы жұрты оқшауланып қалмай, бір-бірімен әуемен болса да араласқаны маңызды. Ұлан-ғайыр аумағы бар Қазақстан үшін бұл мәселе аумалы-төкпелі заманда тіпті өзекті бола түсті.

**Айхан ШӘРІП**

### ЕЛГЕ ӘУЕ БАЙЛАНЫСЫ АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Президент шағын авиация мәселесін алғаш көтеріп отырған жоқ. Бұған дейін де жауапты құрылымдардан нақты нәтиже көрсетулі талап еткен. Алайда Үкіметтің биылғы кеңейтілген отырысында сол тапсырмасының орындалмай қалғанын қайта еске салды. Қасым-Жомарт Тоқаев міндеттің жүзеге асуына бірінші кезекте әуе көлігі отынының қымбаттығы кедергі екенін атап өтті және мұны «кешірілмейтін қателік, қарапайым тілмен айтсақ, бұл – нағыз абсурд» деп бағалады.

– Үкімет тапсырманы орындауға қауқарсыз болса, бұл жұмысты жеке құрылымдарға өткізіп беріңіздер. Авиацияның қымбаттығы осы саланың дамуына кедергі. Оның бағасы тым қымбат, көрші елдердің әуежайларындағы бағам бәсекелесе де алмайды. Өзіміз 100 миллион тонна көлемінде шикі мұнай өндіретін ел бола тұра, қара алтын жоқ мемлекеттермен авиақорсын бағасы жағынан таласа түсе алмай отырмыз. Бұл ақылға сыймайды ғой?! – деді Қ. Тоқаев.

Мемлекет басшысы не туралы айтып отыр? Бір ғана мысал: ірделеті Қырғызстан туристерді ел астанасы Бішкектен Тянь-Шань

тауларындағы туристік базалар мен лагерлерге, тіпті Ыстықкөл жағалауына тікұшақпен тасиды. Бір қарағанда, мұндай қызмет тек ауқаттыларға арналғандай көрінуі мүмкін. Алайда нарықтағы баға мүлде басқаша жағдайды аңғартады. Қырғызстандағы «Анур Тур» агенттігіне хабарласқанымызда, тікұшақ жалдау 2-3 адамға әр сағатына 460 долларға түсетінін түсіндірді. Немесе 20 минуттық әуе серуенінің құны 25 мың теңгеден де төмен. Өзбекстанда бұл қызмет одан да арзан – 18 мың теңгеден басталады.

Ал Қазақстандағы жағдай ше? 2025 жылғы шілдене бастап Бұрабай курортында «Бұрабай – Шучинск – Қатаркол» бағыты бойынша Robinson R-44 немесе AIRBUS AS350 тікұшақтарымен шолу турлары іске қосылды. Экскурсия небәрі 15-20 минутқа созылады, оның құны бір адамға 90 мың теңгеден асады. Көрші елдердегіден ең кемі үш-төрт есе қымбат. Ұшуларды Rixos Voronec қонақүйі аумағындағы алаңнан жеке компания жүзеге асырады. Жергілікті тұрғындар оның үшуларын сирек бақылайтынын айтады. Демек, нарықтағы сұраныс пен баға арасындағы тепе-теңдік бұзылған. Әрине, бизнес көбірек клиент тарту үшін бағаны арзандатқысы келеді, бірақ авиаотынның тоқтаусыз қымбаттауы оған мүмкіндік бермей отыр.

Тынысы тарылып тұрған бұл саланың өрісін кеңейту мәселесімен Үкімет айналысып жатыр. Туризмді дамытудың бір тетігі ретінде

шағын азаматтық авиацияны пайдалану қарастырылды. Үкімет Көлік министрлігіне бірнеше бағыт бойынша міндет жүктеді: инфрақұрылымды қайта қарау, инвесторларды тартуға жағдай жасау, қауіпсіздік мәселелерін пысықтау, сондай-ақ көршілес елдердің және алыс шетелдердің тәжірибесін зерделеу.

### ҚАНАТСЫЗ ҚАЛҒАН КЕҢ ДАЛА

Бала кезде өзіміз де талай куә болдық: Ресеймен шекарадағы шет ауылдардағы аэродромдарға Ан-2, Ан-14, Як-12, Ил-14, тіпті чехословакиялық Let L-410 Turbolet шағын ұшақтары қонатын. Көк жүзінен әуе көлігіні көре қалса, ауылдың қара сирақ бала-шағасы мөре-сәре болып, делебесі қозып, аэродром жаққа құйындай ұшатын. Шағын ұшақтар шалғай ауылдарға қат-қат поштаны, сағыныш толы сәлемдемелер мен зәру тауарларды, өзге де жүкті жеткізетін. Тіпті, ажалмен арпалысқан науқастың жанына араша түсетін шұғыл медициналық жәрдемнің де алтын көпірі солар еді.

Мәжіліс депутаты Серік Егізбаев ауылдардың едәуір бөлігі Астана түгіл, облыс және аудан орталықтарынан, шағын қалалардан тым қашық жатқанына назар аударды. Мәселен, облыс орталықтарының арасындағы орташа қашықтық 300-ден 800 шақырымға дейін болса, облыс және аудан орталықтарының арасындағы қашықтық 500-ден көп шақырымды құрайды.

Оның айтуынша, бұған дейін Үкімет бұл мәселені бірнеше рет пысықтады, алайда нақты шешімді сол бойы қабылдаған жоқ. Депутат көрші елдердің ізгі үлгісін алға тартты. Мәселен, Өзбекстан шағын авиациясының желісін сақтап қалыпты. Онда ішкі рейстерді субсидиялады, жеке компанияларға салықтық жеңілдіктер ұсынуды және жаңа әуе компанияларын құруды ынталандыратын авиация саласын дамытудың ауқымды бағдарламасы жүзеге асырылу үстінде. Ал Қырғызстанда өңірлік әуежайларға жаппай реконструкциялау жүргізіліп, тікұшақ тасымалы жүйесі жаңа өркендеу жолына түсті.

Бұл біздің қолымыздан келе ме? Құнт пен қаржы болса, келеді. Мұның сыртында Еуропа елдері мен АҚШ-тағы сияқты шағын әуеайлақтардың дамыған желісін түзу, жеңіл әуе кемелерін сертификаттаудың икемді рәсімдерін енгізу, саланы мемлекеттік қолдауды түрлі тетігін қолдану күн тәртібінде тұр. Осы мәселелерді көтеріп, жуырда Мәжілістің бір топ депутаты Үкімет басшысына ұсыныспен жүгінген еді.

«Елімізде шағын авиацияны дамыту тиісті деңгейде емес. Қазір ол негізінен санитарлық тасымалдар мен ауыл шаруашылығындағы жұмыстар үшін пайдаланылады. Әуе паркінің негізін ескі АН-2 ұшақтары құрайды: көпшілігі 40 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді. Кенескті кезеңде

іс жүзінде әр облыстағы барлық шалғай ауылдық аудандар облыс орталықтарымен ішкі әуе қатынасы арқылы байланыстырылатын. Республикада сонда 50 әуежай мен әуеайлақ, 400 ұшу-қону алаңы жұмыс істеді», – делінген депутаттар хатында.

Бертіңде бұл инфрақұрылым негізінен жойылды. Қалпына келтіру үшін әуеайлақтардың көпшілігін жаңғырту және инфрақұрылымды жаңарту талап етіледі. Депутаттардың пайымдауынша, жүйелі мемлекеттік қолдаудың болмауы, артық реттеу мен бюрократиялық кедергі, кадрлық және инфрақұрылымдық тапшылық, қолжетімді сактандыру тетіктерінің жоғы сияқты бірқатар мәселе сала адымын ашытпай тұр.

Халықаралық тәжірибе шағын авиацияның тек кешенді мемлекеттік саясат болған жағдайда ғана табысты дами алатынын көрсетеді. Дамыған елдерде, тіпті көршілерде тікұшақ ұшуы үшін алдын ала хабарласа жеткілікті. Қазақстанда күні бүрын тиісті құжаттар топтамасын тапсырып, рұқсат алмай әуеге көтерілсе, қылмыстық іс қозғалуы мүмкін екен.

Шағын авиацияның елеулі әлеуетін және халық арасындағы сұранысын ескере отырып, Мәжіліс Үкіметке бірнеше ұсыныс берді. Біріншіден, ауыл-аудандардағы әуеайлақ-аэродром инфрақұрылымын жаңғыртуға, жеңіл әуе кемелері паркін жаңартуға және ішкі әуе тасымалдарын ынталандыруға бағытталған шағын авиацияны дамытудың бөлек, кешенді мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажет.

Екіншіден, өңірлік әуе бағыттарын субсидиялауды, жеңіл әуе кемелері мен авиациялық жабдықтарды импорттауға салықтық және кедендік жеңілдіктер беруді, сондай-ақ шағын әуеайлақтар желісін дамытуды қамтитын саланы мемлекеттік қолдаудың кешенді тетіктерін пысықтаған жөн. Үшіншіден, қажетті қауіпсіздік стандарттарын сақтай отырып, жеңіл әуе кемелерін пайдалану рәсімдерін онтайландыру және жеңілдету мақсатында шағын авиация саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаға талдау жүргізу және жетілдіру ләзім.

### ҰШАҚ ТҮРІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҮНІ

Авиациялық кадрларды даярлау, авиациялық клубтар мен оқу орталықтарын дамыту, сондай-ақ шағын авиация саласында қолжетімді сактандыру тетіктерін енгізу мәселелері де шешімін күтіп тұр. Осыдан екі жыл бұрын Президент туристерге қызмет ететін өңірлерде жана 3 әуежай салуды ұсынып отырған еді. Бұл міндет де жежесіне жете қоймапты. Парламент депутаттарына жауабында Премьер-министр де Мемлекет басшысының тапсырмасымен туристік өңірлерде – Зайсан, Кеңдірлі мен Катон-қарағайда шағын әуежайлардың құрылысын биылғы жылы аяқтау жоспарланғанын

жеткізді, бірақ нақты мерзімін айтпады. Ұржар және Ұшарал шағын әуежайларында ұшу-қону жолақтары реконструкцияланды, 2026 жылғы терминалдарды жаңғырту жоспарланған. Балқаш әуежайы бойынша рульауе жолына, перрона және терминалға реконструкция жүргізілді.

– Осы аталған шаралар заманауи инфрақұрылымды қалыптастыруға, кіші авиация әуе кемелерін қабылдау үшін жағдай жасауға, ішкі авиатасымалдар желісін кеңейтуге, өңірлердің туристік әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өңірлік авиабағыттар желісін дамыту және көліктік байланысты арттыру үшін бюджет заңнамасына жергілікті өкімдіктердің қаражаты есебінен авиатасымалдарды субсидиялауды көздеуін өзгерткенді өзгертсе, қылмыстық іс қозғалуы мүмкін екен.

Алайда алыс ауыл-ауданға шағын ұшақтардың қатынауды қалыптастыруға, кіші авиация әуе кемелерін қабылдау үшін жағдай жасауға, ішкі авиатасымалдар желісін кеңейтуге, өңірлердің туристік әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өңірлік авиабағыттар желісін дамыту және көліктік байланысты арттыру үшін бюджет заңнамасына жергілікті өкімдіктердің қаражаты есебінен авиатасымалдарды субсидиялауды көздеуін өзгерткенді өзгертсе, қылмыстық іс қозғалуы мүмкін екен.

Алайда алыс ауыл-ауданға шағын ұшақтардың қатынауды қалыптастыруға, кіші авиация әуе кемелерін қабылдау үшін жағдай жасауға, ішкі авиатасымалдар желісін кеңейтуге, өңірлердің туристік әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өңірлік авиабағыттар желісін дамыту және көліктік байланысты арттыру үшін бюджет заңнамасына жергілікті өкімдіктердің қаражаты есебінен авиатасымалдарды субсидиялауды көздеуін өзгерткенді өзгертсе, қылмыстық іс қозғалуы мүмкін екен.

Алайда алыс ауыл-ауданға шағын ұшақтардың қатынауды қалыптастыруға, кіші авиация әуе кемелерін қабылдау үшін жағдай жасауға, ішкі авиатасымалдар желісін кеңейтуге, өңірлердің туристік әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өңірлік авиабағыттар желісін дамыту және көліктік байланысты арттыру үшін бюджет заңнамасына жергілікті өкімдіктердің қаражаты есебінен авиатасымалдарды субсидиялауды көздеуін өзгерткенді өзгертсе, қылмыстық іс қозғалуы мүмкін екен.

Алайда алыс ауыл-ауданға шағын ұшақтардың қатынауды қалыптастыруға, кіші авиация әуе кемелерін қабылдау үшін жағдай жасауға, ішкі авиатасымалдар желісін кеңейтуге, өңірлердің туристік әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өңірлік авиабағыттар желісін дамыту және көліктік байланысты арттыру үшін бюджет заңнамасына жергілікті өкімдіктердің қаражаты есебінен авиатасымалдарды субсидиялауды көздеуін өзгерткенді өзгертсе, қылмыстық іс қозғалуы мүмкін екен.

Алайда алыс ауыл-ауданға шағын ұшақтардың қатынауды қалыптастыруға, кіші авиация әуе кемелерін қабылдау үшін жағдай жасауға, ішкі авиатасымалдар желісін кеңейтуге, өңірлердің туристік әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өңірлік авиабағыттар желісін дамыту және көліктік байланысты арттыру үшін бюджет заңнамасына жергілікті өкімдіктердің қаражаты есебінен авиатасымалдарды субсидиялауды көздеуін өзгерткенді өзгертсе, қылмыстық іс қозғалуы мүмкін екен.

# ТЕМІРҚАЗЫҚ

14 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Орыс-жапон соғысы кезінде абыройы айрандай төгілген Ресей алдағы уақытта ең үлкен қауіптің Қиыр Шығыстан төнетінін айқын аңғарды. Арада тура он жыл өткенде 1914 жылы Ресейдің Бірінші дүниежүзілік соғысқа кіріп, ойсырай жеңілуі үш ғасырдан астам билік жүргізген Романовтар әулетін тақтан тайдырып, елде бүліншілік ахуал қалыптастырды. Қазан төңкерісі мен Азамат соғысы империяның тоз-тозын шығарып, апатты жағдайға алып келді.

**Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,**  
заң ғылымының докторы, профессор, академик



## «ЖАПОН ТЫҢШЫЛАРЫ»

# ҚАЙДАН? ШЫҚТЫ.

Жана экономикалық саясат тұсында Кеңес Одағы аздап есін жинай бастаса да, 1921 және 1929-1932 жылдарда болған алапат ашаршылық миллиондаған адамның өмірін қиды. Ресей тарапы қанша мойындағысы келмесе де, Украинадағы голодомор, Қазақстандағы зұлмат ашаршылықпен қатар Ресейдің өз ішінде Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, орталық Ресей, Татар мен Башқұрт Республикалары және Қиыр Шығыста миллиондаған адам ашаршылық шенгеліне ілініп, ел аман, жұрт тынышта халық қырылып қалды.

Кеңес Одағында осындай ауыр халдің орын алуының оның ежелгі дұшпандары әбден хабардар еді. Солардың бірі КСРО-ның басқан ізін жіті қадағалап отырған Жапония болатын.

КСРО ОГПУ төрағасының орынбасары В.Балицкий 1932 жылдың ақпан айында Жапонияның КСРО-дағы елшілігінің әскери аташесі Касахараның жапон үкіметіне жолдаған кең көлемдегі жазбахатының көшірмесін қолға түсіріп, оны дереу орыс тіліне аударып, Сталинге жолдайды.

Онда Касахара кейінгі жылдары КСРО басшылығы жанталаса қарулы, қазірдің өзінде әскери қуаты жағынан Польша, Румыния және Прибалтика мемлекеттерінің блогын қуып жетсе де, экономикалық әлеуеті мен әскери өнеркәсібінің әлсіздігінен кен көлемде соғыс жүргізуге қауқарсыз екендігін атап өтеді. Бірақ экономикасы дәл осындай қарқынмен дамитын болса, арада 10 жыл өткенде жағдай мүлде өзгеріп, Кеңес Одағы халқының саны мен әскери қуаты жөнінен қуатты мемлекетке айналуы мүмкін екендігін жөнінде болжам жасайды.



Сталин ВКП (б)-ның XVII съезінде. 1934 жыл. Оған қатысқан 1966 делегаттың 1108-і тұтқындалып, 848-і атылып кетті.

Касахара баянатын батыс елдері большевизмді қанша ылықты жек көрсе де, КСРО-ға қарсы майдан ашуға жүрегі дауаламайтыннан бастаған. Егер Жапония мен КСРО-ның арасында соғыс өрті тұтана қалса жағдай Польша мен Румыния Жапонияны қолдайтын, Франция да көмегін аймайтын, кейін бұған өзге де батыс елдері қосылатынын атап өтеді. Қазіргі кезде шетелдерде тұрып жатқан аграрияшыл ұйымдар да КСРО-ға қарсы күресті үдетуге дайын екендігіне назар аударады.

Қалыптасқан жағдайды жанжалды саралай келіп жапон әскери аташесі: «Из вышеуказанного видно также, что японо-советская война, принимая во внимание состояние вооруженных сил СССР и положение в иностранных государствах, должна быть проведена скорее. Мы должны осознать то, что мере прохождения времени обстановка делается все более благоприятной для них», — деген ұсыныс жасайды (Лубянка. Сталин и ВЧК — ГПУ — ОГПУ — НКВД. М., 2003, 301-бет).

Касахара баянатын соңына қарай: «Я считаю необходимым, чтобы имперское правительство повело бы политику с расчетом как можно скорее начать войну с СССР», — деп мәселені төтесінен қояды.

Бес бөлімнен, әр бөлімі 5-6 тараудан тұратын бұл манызды құжат онсыз да секемшіл Сталинді қатты сескендірген. Ол жазбахатты қызыл қарындашпен астам сыза оқып, кей тұстарына саналап белгі соққан.

Төңірегіндегі ең жақын адамдарға да асқан сенімсіздікпен қараған Сталин хатты Ворошилов, Молотов, Куйбышевқа ғана оқытып, өзіне қайтарып алған.

Касахараның хаты күдікшілдігі уақыт өткен сайын маниакалды сипат алған Сталинді Кеңес Одағын жаппай «жапон тыңшылары» кезіп жүргендей халге жеткізеді. Жазбахатты қолға түсірген генерал Балицкийді әуелі Украина Ішкі істер наркомы қызметіне жоғарылатып, кейін

1937 жылы Қиыр Шығыс НКВД-сын басқаруға жібереді. Болжамдары дұрысқа шықпаған соң оның өзінен секемедініп, 1937 жылы ату жазасына бұйырады.

Бұрын да жапон атаулыға қырын қарайтын Сталин Касахара хатынан кейін НКВД органдарына жапон тыңшыларын жаппай ұстап, жазалауды тапсырады. Қандықол көсемнің айтқанын екі етпейтін НКВД жөндөушілері тапсырманы ерекше құлшыныспен орындауға кіріседі.

Арада ай өтпей жатып НКВД наркомы Г.Ягода Сталиндің атына Түркиядағы Жапон елшілігінің әскери аташесі Масатанэ Канданың Жапония Бас штабына жолдаған жазбахатының орысша аудармасын жолдайды.

Хат «Оценка возможностей использования мусульманских государств по линии политико-стратегических мероприятий против СССР и соображения касательно проведения необходимых мер в мирное время» деп аталады.

Бұл құжат та жапондарға тән мәтіндікпен жазылды. Мазмұнына қарағанда өзі Түркияда қызмет істейтін Қанда арнайы тапсырмамен Ирак, Сирия, Палестина және Египетке дейін барып, мұсылман елдерінің хал-жағдайын, олардың Батысқа, КСРО мен Жапонияға көзқарасын зерттеген.

Қысқаша алғашқыдан кейінгі бірінші тарау: «В настоящий момент важность политико-стратегических мероприятий во время войны с СССР окончательно осознана нашей армией», — деген сөйлемнен басталады. Хат жазылған 1932 жылы Жапония КСРО-мен алдағы уақытта болуы мүмкін соғысқа деген дайындықты бастап кеткен. Мұны келесі сөйлемдегі «дело подготовки этих

Канданың хаты жапон мәселесіне келгенде төңірегіне үлкен күдікпен қарайтын Сталиндің параноиясын одан әрі қоздыра түсіп, енді іштей жауды КСРО-дағы мұсылмандардан, хатта көрсетілген «ерлік рухын сақтаған» түркі халықтарынан іздеуге кіріседі.

Арада екі ай өткенде — 1934 жылдың 11 мамырында Башқұрт Орталық атқару комитетінің төрағасы А.Тагирова Сталинге донос түсіріп, онда өзін «Сакмари» деген буркеншік атты пайдаланатын татар жазушысы Ғазизов Ғабдолламен кездескенін, бұл әңгімеден ол шетелде жүрген татардың ұлтшыл жазушысы Ғаяз Исхаков Жапонияда болып, одан шыққан соң Батыс Қытайдағы Шыңжаң өлкесіне барғанын (хатта «Жоғария» деп жасак көрсетілген, бұл кезде Жоғария мүлде келмеске кеткен) баяндайды. Тағы бір «Құрбанғалиев» дейтін татар ұлтшыл Харбинде жүргендігін, ал Рашид Ибрагимов дейтін Түркияда тұратын «белгілі панисламист» Жапония арқылы Шыңжаңға жіберілгенін хабарлайды.

Сталин бұл хатпен де мұқият танысып, анық-қанығын білу үшін оны Г.Ягодаға жібереді. Ол 1934 жылдың 21 мамырында Сталинге «өте құпия» деген грифпен жауап жолдайды. Ягода «Сакмари» уфалық миллионер Усмановтың ұлы екендігін, оның шын аты-жөні Ғазизов Ғабдолла екендігін баяндаған. Оның татардың ұлтшыл жазушысы Ғаяз Исхаковтың ықпалында екендігін, Манжурияға келген соң біраз уақыт Харбинде тұрақтап, жапондар қарамағына өткен теміржол бойындағы Пограничная стансасында ағылшын тілінен сабақ беріп жүргендігін жеткізеді.

Владивосток арқылы КСРО-ға өткен «Сакмаридің» Уфа мен Қазандағы татар және башқұрт ұлтшылдарымен бірнеше кездесу өткізгенін, ОГПУ тыңшылары оны аңдып жүргендігін, қазір оның Мәскеудегі байланыстарын анықтау үшін астанаға іссапарға шығуға көндіріп, осында келгенде тұтқына алуды көздеп отырғанының егжей-тегжейін хабарлайды.

Ягоданың құпия хатында «Сакмаридің» Токио мешітінің имамы Құрбанғалиевпен және Жапония протекторатымен Еділ-Урал автономиясын құру қамында жүрген татар ұлтшыл Ғаяз Исхаковпен тығыз байланыста екендігі туралы нақты мағлұматтар бар.

Алашорданың Жапониядағы түрік қауымдастығымен нақты қандай қарым-қатынаста болғандығы бізге әзірше беймағлұм, бірақ оны Париж-

рылып бара жатқанын айта келіп: «Тюрки в этом отношении превосходят другие мусульманские племена», — деп түркі халықтарының ерлік рухын жоғары бағалайды.

Әскери аташе мұсылмандарды КСРО-ға қарсы соғыста өздеріне жақтас етіп пайдалану жөніндегі пікірін: «Из всего вышесказанного видно, насколько необходимо использование мусульман с точки зрения планов ведения войны с СССР и насколько это осуществимо», — деп қорытындылайды. Сталин жазбахаттың осы тұсының да астын сызып, жақшаға алып қойған.

Хатта Қазақстан мен Орта Азия республикаларына қатысты тағы бір тың дерек кездеседі. Қанда: «Около 20 представителей молодежи, эмигрировавших в Турцию из Советского Туркестана, выехали в Синьцзян для помощи новому государству», — деп жазады. Олардың кімдер екенін анықтау осы тақырыпты терендеті зерттейтін жас ғалымдардың үлесінде деп санаймын.

Сталин хатпен мұқият танысып, сол кезде Коминтерн хатшылығынан төмендеп, «Известия» газетінде жүрген К.Радекке: «Т.Радеку! Не стоит ли опубликовать, может быть, с некоторыми пропусками?» — деген бұйрықтамамен жібереді. Не айтарын білмей пұшайман болған ол байғұс «жду указания» деп жауап берумен ғана шектеліпті.

Канданың хаты жапон мәселесіне келгенде төңірегіне үлкен күдікпен қарайтын Сталиндің параноиясын одан әрі қоздыра түсіп, енді іштей жауды КСРО-дағы мұсылмандардан, хатта көрсетілген «ерлік рухын сақтаған» түркі халықтарынан іздеуге кіріседі.

Арада екі ай өткенде — 1934 жылдың 11 мамырында Башқұрт Орталық атқару комитетінің төрағасы А.Тагирова Сталинге донос түсіріп, онда өзін «Сакмари» деген буркеншік атты пайдаланатын татар жазушысы Ғазизов Ғабдолламен кездескенін, бұл әңгімеден ол шетелде жүрген татардың ұлтшыл жазушысы Ғаяз Исхаков Жапонияда болып, одан шыққан соң Батыс Қытайдағы Шыңжаң өлкесіне барғанын (хатта «Жоғария» деп жасак көрсетілген, бұл кезде Жоғария мүлде келмеске кеткен) баяндайды. Тағы бір «Құрбанғалиев» дейтін татар ұлтшыл Харбинде жүргендігін, ал Рашид Ибрагимов дейтін Түркияда тұратын «белгілі панисламист» Жапония арқылы Шыңжаңға жіберілгенін хабарлайды.

Сталин бұл хатпен де мұқият танысып, анық-қанығын білу үшін оны Г.Ягодаға жібереді. Ол 1934 жылдың 21 мамырында Сталинге «өте құпия» деген грифпен жауап жолдайды. Ягода «Сакмари» уфалық миллионер Усмановтың ұлы екендігін, оның шын аты-жөні Ғазизов Ғабдолла екендігін баяндаған. Оның татардың ұлтшыл жазушысы Ғаяз Исхаковтың ықпалында екендігін, Манжурияға келген соң біраз уақыт Харбинде тұрақтап, жапондар қарамағына өткен теміржол бойындағы Пограничная стансасында ағылшын тілінен сабақ беріп жүргендігін жеткізеді.

Владивосток арқылы КСРО-ға өткен «Сакмаридің» Уфа мен Қазандағы татар және башқұрт ұлтшылдарымен бірнеше кездесу өткізгенін, ОГПУ тыңшылары оны аңдып жүргендігін, қазір оның Мәскеудегі байланыстарын анықтау үшін астанаға іссапарға шығуға көндіріп, осында келгенде тұтқына алуды көздеп отырғанының егжей-тегжейін хабарлайды.

Ягоданың құпия хатында «Сакмаридің» Токио мешітінің имамы Құрбанғалиевпен және Жапония протекторатымен Еділ-Урал автономиясын құру қамында жүрген татар ұлтшыл Ғаяз Исхаковпен тығыз байланыста екендігі туралы нақты мағлұматтар бар.

Алашорданың Жапониядағы түрік қауымдастығымен нақты қандай қарым-қатынаста болғандығы бізге әзірше беймағлұм, бірақ оны Париж-

дегі Мұстафа Шоқай жақсы білген. Ол өз редакторлық еткен «Жас Түркістан» журналының 1931 жылғы 19-санында «Жапонияда тұрушы мұсылмандар және Токиода ислам шағын ауданы» деген мақала басқан («Алаш көсемсізі». А., 2010, 4-том, 134-135-беттер).

Редакция атынан «Басқарма» деп қол қойылған (мұндай материалды көбіне М.Шоқайдың өзі жазған) шолу мақалада Жапонияда 500-дей мұсылман барлығын, оның 150-дейі Токиода тұратыны туралы дерек келтірілген.

Саны аз да болса ауызбіршілігі күшті жапон мұсылмандары 1928 жылғы қазанда Токиода құрылтай өткізіп, «Жапония мұсылмандар одағын» құрған.

Олар 1927 жылы Жапония үкіметінің ресми рұқсатымен алты сыныпты «Токио ислам мектебін» ашып, онда ана тілі, мұсылмандық шартымен қатар ағылшынша да оқытыпты.

500-ден аспайтын жапон мұсылмандарының іскерлігі соншалық, олар араб қарыштарымен «Токиодағы ислам баспасы» деген шағын баспа ашып, түрік тілінде «Жапон тілшісі» деген журналға дейін шығарған.

«Жас Түркістанда» «Жапония мұсылмандар одағының» төрағасы Токио имамы Мұхаммед Ғабдаллахи Құрбанғали, оның бірінші орынбасары Коби қаласының имамы Мадияр Шамғони, екінші орынбасары Мұхаммед мырза, бас хатшысы Ахмет Закир Шакир, бас хатшының бірінші орынбасары Хусейн мырза және екінші орынбасары Кожамет Уаһап екендігі көрсетілген (барлығының аты-жөні журналдағы нұсқамен берілді).

Басқару жүйесі жапондарға тән мәтіндікпен жинақы, шебер ұйымдастырылған «Жапония мұсылмандар одағының» бірінші жапон тілінде халықтардан құралғанын аңғару қиын емес. Есім-сойларына қарағанда, басым бөлігі татар ұлтының өкілі екендігі де байқалып тұрса да, олардың кейбірінің (Мадияр Шамғони) казак болуы да бек мүмкін деп шамалаймыз.

Иек астындағы Жапонияның басқан ізін аңдып отырған КСРО елшілігінде НКВД қызметкерлері олардың барлық іс-әрекетін Мәскеуге жеткізіп отырған. Комиссар Г.Ягода оны Сталинге баяндаған.

Ягода Жапония Бас штабының жоспары бойынша доктор Хосровбек Султанов деген азамат Солтүстік Персияға жіберіліп, ол өзбекбайандардың ірі қарулы отрядын кеңес жеріне кіргізуді қоспарланғанын, ал Рашид-қазі Ибрагимов дейтін па-

нияға өткен соң осы елдің Парламентіне бірнеше мәрте депутат болып сайланған Садри Максудимен бірге Октябрь төңкерісі мен Азамат соғысы жылдарында татар ұлтының азаттығы жолындағы күреске айрықша үлес қосқан тұғырлы тұлға.

Ғаяз Исхаки — 20-жылы Мұстафа Жаннның аса көрнекті мемлекет қайраткері саналатын Хосровбек Султановтың (толық аты-жөні — Хосров-бек Паша-бек оғлы Султанзаде) да есімі аталады. Ол 1918 жылы 25 мамырда жарияланған Әзербайжан Демократиялық Республикасының алғашқы Әскери министрі, екінші Жер-су министрі қызметін атқарып, 1923 жылы Түркияға кетуге мәжбүр болады. Ол осында жүріп те өзбекбайжанның азаттығы жолындағы күресін тоқтатапайды. Өмірінің соңына қарай Түркия мен Германияда өз мамандығына сай медицина профессоры болып қызмет атқарды.

Жапонияның мұсылман елдерімен ынтымақтастығын күшейтіп, олардың Кеңес Одағын мекендейтін түркі-мұсылман халықтарымен байланысын нығайтуға бағытталған жоспарлары үрейшіл Сталиндің татар, башқұрт, өзбек, казак және Орта Азия халықтары мен олардан шыққан қайраткер тұлғалар, шығыстанушы, түрколог ғалымдарға деген сенімсіздігін бұрыңғыдан да асықтырып жіберді.

Адам жанын шыбып құрлы көрмеген сталиндік сүм жүйеден түркі-мұсылман халықтары ғана емес, Кеңес Одағының барлық ұлт пен ұлыс өкілдері зардап шекті.

Ешбір дәлел-дәйексіз, ойдан шығарылған айыптармен қамауға алынып, абақтыға жабылған, ГУЛАГ лагерлерінде азап шегіп, ату жазасына кесілгендер миллиондап саналады. Олардың нақты санын кенесіткі тарихшылар барынша азайтып көрсетуге тырысса, батыс зерттеушілері әсірелеп жазуға құмар. Бұл туралы ақиқат шындыққа негізделген мағлұматты Кеңес Одағы идеологиясының тізгінін ұстап, ең қупия деген деректерге қолы еркін жеткен, СОКП Орталық Комитетінің хатшысы, тарих ғылымының докторы, профессор, академик А.Яковлев айтты. Оның оқыған адамның жағасын ұстатқызытын: «В мясорубке ленинско-сталинских репрессий погибло более 20 миллионов человек», — деген деректеріне күмән келтіру қиын (Черная книга коммунизма. Преступления. Террор. Репрессии. М., 1999, с.12).



Жапониядан КСРО-ға төнген қауіп күшейген сайын Сталиндің жөндөлі Ежовтың зымияндығымен «жапон жансыздарының» қатары да күн сайын арта түсіп, жақсысыз жандар оққа байлана берді.

Кейін 131 делегаттың жүзден астамы репрессияға түсіп, басым бөлігі атылып кетті. Олардың ішінде қазақ, татар, башқұрт, өзбек, өзбек, қырғыз, т.б. түркі халықтарының аяулы перзенттерімен қатар, ұлты әр алуан А.Самойлович сияқты әлемге данқы шыққан атакты түркологтар болды. Осы сөзге қатысқан А.Байтұрсынұлы, Н.Төркеұлов, Е.Омаров, Б.Сүлеевтер де сталиндік репрессия құрбаны болды.

Білім-білігі Сталиндің айнала-сындағы шала сауатты бөлшектерден оқ бойы озық тұрған қайраткерлердің репрессияға түсіп, жаппай атылып кетуі түркі халықтарының саяси, экономикалық, демографиялық дамуына, аса бай тарихы мен мәдениетінің зерттелуіне, өсіп-өркендеп келе жатқан түркология ғылымына орасан зор зардаптарын тигізді.

Әуелі бас-аяғы он жыл ішінде әліппі үш рет өзгертіліп, А.Байтұрсынұлы түрлеген, казак тілінің бар әуезін сақтаған емле латыншаға ауыстырылды. Арада он жыл өтпей ол біржолата кириллицаға көшірілді. Мұндай жағдай өзге түркі халықтарында да орын алды. Саны түркілерден әлдеқайда азығына қарамастан Сталин және Микоянның қолдауымен ежелгі грузин мен армян әліпбиі баяғы қалпында қалдырылды.

Жапония Қытай сияқты алып елдің стратегиялық, экономикалық, әскери маңызы зор бөлігі Манжурияны басып алып, Манжу-Го қуыршақ мемлекетін орнатқанымен оны ұстап тұру және отаршылдық максатта пайдалану барысында көптеген қиындыққа кезікті. Қытай тәжіри-

бесі жапондарға КСРО сияқты жыл сайын күш алып келе жатқан әлеуеті зор елге соғыс ашып, оның Сібір, Қиыр Шығыс сияқты табиғаты қатан аймағын игерудің оңай болмайтынын дәлелдеп берді.

Экономикасы қарқынды даму жолына түскен Жапонияның назары Корея мен Қытайдан кейін оңтүстік-шығыс Азияға қарай ауды. Бұл қуатты әскери-теңіз флотын жасақтаған жапондардың Тынық және Үнді мұхитында еркін қимылдауына аса қолайлы еді.

КСРО шекаралық аймақтарда жапон тарапынан бірнеше мәрте арандатушылық әрекеттер болғанына қарамастан, оған әскери тойтарыспен жауап қатуға батылы бармады. КСРО Манжуриядағы жапон әрекетін сырттай ғана бақылап, Қытай-шығыс теміржолын (КВЖД) біржолата жапондарға беріп, бірқатар концессиялық шегініске баруға мәжбүр болды.

Егер Жапония мен КСРО-ның арасында 30-жылдары соғыс өрті тұтанып, оның алғашқы кезеңінде жапон тарапы жеңіске жете қалған күннің өзінде әскери қимылдардың Қазақстан мен Орта Азия шекарасына дейін жетуінің ықтималдығы өте төмен еді. Оның үстіне, Қытайда ұстап тұруға көп күш жұмсап отырған Жапонияның КСРО-дай әскери, демографиялық және табиғи ресурстық қуаты зор алып мемлекетке қарсы майдан ашуға еркін жететін әлеуеті болған жоқ. Сондықтан екі ел де іштей андасып, шарпысып, экономикасын нығайтып, әскери қуш-қуатын арттырумен болды.

Қиыр Шығыстан күн сайын дерлік қауіп төндіріп, шекаралық аймақтарда жиі-жиі арандатушылық әрекеттерге барғанына қарамастан Сталиндің Жапонияға қарсы соғыс ашуға жүрегі дауаламаса да, барлық өшін, ашу-ұсысын ежелден қаны қас түркі-мұсылман халықтарының қайраткер тұлғалары мен зиялы қауымына қарсы бағытталып, «жапон тыңшысы» деген желеумен қуғын-сүргін мен қудалауды одан әрі өршіте түсті.

Сталиндің билігі әлі жеке-дара диктаторлыққа жете қоймаған 1926 жылы ол басқарған Үкімет қаулысымен Бакуде Бірінші түркологиялық құрылтай өтті. Оған КСРО Ғылым академиясы жүйесі мен Кеңес Одағының Мәскеу, Ленинград, Қазан университеттері бастаған жоғары оқу орындарында, түрлі мемлекеттік мекемеде қызмет істейтін айтулы түркологтар қатысты. Олардың қатарында есімі бүкіл дүниеге жеткен мөшһүр А.Самойлович, С.Ольденбург, В.Бартольд, Л.Шерба сияқты шығыстанушы ғалымдар болды. Құрылтайға қатысқан дауыс беруші делегаттар саны 131 болғанымен, оған қонақ ретінде Түркия, Франция, Германия, Жапония, Финляндия, Швеция, Венгрия, Иран т.б. елдерден келген 600-ден астам ғалым мен қайраткер қатысты.



Сталин, Молотов, Ворошилов және Ежов ГУЛАГ тұтқындары салған «Беломорканал» бойында

нисламист Шыңжаң арқылы Орта Азияға өтіп, онда антисоветтік жұмыстар өрістетуді қарастырып отырғандығы жайында ақпарат берген.

Енді осы хаттарда есімі аталатын екі адамның тағдырына тоқталып өтейік.

Ғаяз Исхаки (хаттарда оның тегі орысша үлгімен Исхаков деп берілген) — татар әдебиетінің аса көрнекті классигі, түрік-татар бірлігі жолында зор қызмет атқарған қайраткер. Ол — татар ғұламасы, кезінде Сорбонна университетін тәмамдап, әуелі Ресейдегі Мемлекеттік Думаға, кейін Түр-

Бакуде түркологиялық құрылтай делегаттары

(Жалғасы бар)

# ӨҢІР ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРГЕН СЕРІКТЕСТІК

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың нығаюы Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беріп отыр. Кейінгі жылдары екі елдің стратегиялық әріптестігі нақты нәтижелермен көрініс тауып, шекара маңындағы аймақтардың әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік ашуда. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар Түркістан облысының экономикасын әртарапандыруға, инвестициялық тартымдылығын арттыруға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға тікелей ықпал еткені анық.



**Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Түркістан облысы

Осы үрдістің айқын көрінісі – Түркістан облысының әкімі Нұрлан Көшеров пен Өзбекстан Республикасының Казакстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Бахтияр Ибрагимовтың кездесуі. Ерекше маңызға ие кездесуде екіжақты ынтымақтастықты тереңдетудің нақты бағыттары қарастырылып, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге басымдық берілді. Бұл тек дипломатиялық деңгейдегі келіссөз емес, өңірдің болашағына әсер ететін нақты экономикалық шешімдердің алаңы болды. Түркістан облысы ауыл шаруашылығы саласында республика бойынша жетекші орындардың бірін иеленеді. Осы тұрғыда Өзбекстанмен бірлескен жобалар агроөнеркәсіп кешенін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашуда. Әсіресе, мақта-тоқыма кластерін дамыту, суару жүйелерін жетілдіру және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бағытындағы

жобалар өңір экономикасының тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға және ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өңірдегі өнеркәсіп саласының дамуына да екі ел арасындағы серіктестік оң әсерін тигізуде. Бірлескен өндіріс орындарын ашу арқылы өңдеу өнеркәсібінің үлесі артып, шикізаттық бағыттан дайын өнім шығаруға қошу үдерісі жеделдей түсуде. Бұл Түркістан облысының экспорттық әлеуетін күшейтіп, сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы тауар айналымының 560 миллион АҚШ долларына жетуі осы бағыттағы жұмыстардың нәтижелі екенін көрсетеді.

Инвестиция тарту мәселесі де ерекше назарда. Түркістан облысында қалыптасқан қолайлы инвестициялық ахуал шетелдік серіктестер үшін тиімді мүмкіндіктер ұсынады. Қазір өңірде 21 индустрия-

лық аймақ пен арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді. Бұл аландарда инвесторларға салықтық жеңілдіктер мен инфрақұрылымдық қолдау көрсетіледі. Өзбекстаннан тартылған тікелей инвестициялар көлемінің артуы да осы саясаттың тиімділігін дәлелдейді. Инвестициялардың есебінен жаңа өндірістер іске қосылып, өңір экономикасына қосымша серпін берілуде. Туризм саласы да – екі ел арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі. Түркістан қаласының тарихи мәдени мұрасы мен рухани орталық ретіндегі орны өзбекстандық туристер үшін ерекше тартымды. Қаланың инфрақұрылымын дамыту, туристік қызмет сапасын арттыру және бірлескен туристік бағыттарды қалыптастыру арқылы бұл саланың әлеуетін толық пайдалану көзделуде. Туризмнің дамуы шағын және орта бизнестің өркендеуіне, қызмет көрсету саласының кеңеюіне және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді.

Шекара маңы ынтымақтастығын дамыту да өңір үшін стратегиялық маңызға ие. Көлік логистикасын жетілдіру, сауда ағындарын жеңілдету және инфрақұрылымды жаңғырту арқылы екі ел арасындағы экономикалық байланыстар одан әрі нығая түседі. Бұл өз кезегінде өңірдің транзиттік әлеуетін арттырып, халықаралық саудадағы рөлін күшейтеді.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы жоғары деңгейдегі келісімдер бұл ынтымақтастықтың берік негізін қалыптастырып отыр. Өзара сенім мен достық қарым-қатынас өңіраралық байланыстардың тұрақты дамуына жол ашты. Осы саяси ерік-жігердің нәтижесінде Түркістан облысында бірақатар ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Ет өңдеу кешендері, балық шаруашылығы және суару жүйелерін өндіру жобалары өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де үлес қосуда.

# МАЙДАНГЕРЛЕРГЕ МӘҢГІЛІК ТАҒЗЫМ

Биыл Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 81 жыл толғанын дүйім жұрт атап өтті. Қостанай өңірі де жылдағыдай дәстүрден жаңылған жоқ, облыс әкімі Құмар Ақсақалов бастаған топ ардагерлерді ардақтап, Жеңіс саябағында үлкен іс-шара ұйымдастырды. Бұл – аймақ жұрты майдангерлерін әркез ұмытпайтынының айғағы.

Іс-шаралар легі «Батырларға тағзым» аталған гүл шоғын қою салтанатымен басталды. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов бастаған өкілдер саябақ кіреберісінен шеруді бастап, алаңдағы басты ескерткішке барды. Ең бастысы, жеңісті көзімен көрген ардақты ардагерлер – Қасымхан Алдабергенов, Михаил Подоляков және Ділдәбек Нұрышев те іс-шараға арнайы шақырылды.

Осыдан кейін аймақ басшысы мерекелік құттықтау лебізін арнап, қан майданның құрбандарына тағзым етті. Сұрапыл соғыстың көзі тірі куәгерлеріне ыстық ықыласын жеткізді.

– Сіздерді ерлік пен елдіктің символына айналған Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! 9 мамыр – бейбіт өміріміздің жолында жан аянбаған барша ардагерге ерекше құрмет көрсететін күн. Бұл мейрам тарихымызда мәңгілік шежіре болып жазылып тұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан адамзаттың ортақ жеңісіне, жер бетінде әділдік пен бостандықтың салтанат құруына өлшеусіз үлес қосты. Аға буынның Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ерлігі мен еңбегі өскелең ұрпақ үшін қайсарлықтың, жанқиярлықтың және отаншылдықтың озық үлгісі болып қалатыны сөзсіз», – деді. Біз жауға қарсы тұрған барша батырдың рухына тағзым етеміз. Жауынгерлеріміз асқан ерлік пен батылдық танытып, азаттық пен әділдік жолында аянбай күресті. Жеңіске тұл еңбеккерлері де өлшеусіз үлес қосты. Ел басына күн туғанда жұдырықтай жұмыла білді. Бүгін олардың да ерлікке толы өмірі дәріптеліп жатыр, – деді Құмар Ақсақалов.

Облыс әкімі Қостанай өңірінен майданға 75 мыңнан астам адам аттанып, соның жартысынан көбі туған жерге оралмағанын,



әр отбасы 18 жасқа толған азаматтарды қасиетті Отанымызды қорғауға шығарып салғанын еске салды. Қостанайда жасқалған 151-ші жеке атқыштар бригадасы кейін 150-ші атқыштар дивизионына айналды. Олар Еуропаны азат етті, қазақтың әйгілі батыры Рақымжан Қошқарбаевпен бірге Рейхстагта жеңіс туын қадады.

Құмар Іргебайұлының айтуынша, аталған 150-ші дивизия биыл 85 жылдығын атап өтуде. Бұл жаужүрек бөлімнің данқы Қостанай облысы үшін ғана емес, Қазақстан мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріне ерліктің символы болып қалды. 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олардың қатарында Қостанай өңірінен шыққан Сұлтан Баймағамбетов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сейітхан Темірбаев, Илья Сяновтардың есімі айрықша аталады.

– Батырлардың ерлігі – елдік пен отансүйгіштіктің мәңгілік үлгісі. Ұрпақтың аманаты – елдің бірлігі, тыныштықты сақтау, тәуелсіздігімізді нығайту. Біз қаһарман ұл-қыздардың арқасында алансыз еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз. Біз ержүрек аға буынның алдында мәңгі қарыздармыз. Ешкім де ешқашан ұмытпайды!

Бүгінде Қазақстан – бейбітшілік пен тұрақтылықтың мекені. Осы бейбіт күннің арқасында елімізбен бірге Қостанай облысы қарқынды дамып келеді, барлық бағытта оң өзгеріс бар. Өнеркәсіп, ауыл шаруашы-

лығы, білім мен мәдениет салаларында қол жеткізілген табыстар – бірлігіміздің, бірлескен еңбектің нәтижесі.

Ардақты ардагерлер! Сіздер жан аямай қорғаған азаттық, әділдік, теңдік құндылықтары Әділетті Қазақстан үшін де мызғымас бағдар болып қала береді. Сол үшін өздеріңізге әрдайым тағзым етеміз! Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен береке тілеймін! Еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын! Мереке құтты болсын, – деп қорытындылады облыс әкімі Құмар Ақсақалов.

Будан соң Жауынгерлік тақ гирляндасын мәңгілік алау жанына қою рәсіміне кезек берілді. Ізін ала қарт майдангерлер – Қасымхан Алдабергенов, Михаил Подоляков, Ділдәбек Нұрышев және облыс әкімі Құмар Ақсақалов бастаған өңір басшылығы ескерткіш түбіне тағзым гүлін қою рәсімін бастап берді. Одан соң құқық қорғау саласы ардагерлері және өзге де саланың мейталман өкілдері, мекеме-ұжым басшылары, сондай-ақ қалың топ лек-легімен келіп, рәсімді ұзақ уақыт жалғастырды.

Осыдан кейін өңір басшысы аяулы ардагерлермен бірге Жеңіс саябағы ішінде орналасқан данқты батырлардың ескерткіштеріне тағзым гүлін қойды. Ақ дастарқан жайылып, ашық-жарқын әңгіме өрбіп, асыл сүйекті ақсақалдар елтұтқа азаматтарға ақ батасын берді.

М.ТӨЛЕУ

Жыл өткен сайын Қарағанды облысында ішімдіксіз ауыл саны артуда. Дүкен сөрелерінде ғана емес, той-мерекеді де арақ сатылмайды. Негізінен бұл бастама жоба ретінде қолға алынған болатын. Бүгінде 70-тен астам ауылда дастарқан басына «ащы су» қойылмайды.

# ІШІМДІКСІЗ АУЫЛДАР ІЛГЕРІ БАСТЫ



**Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,**  
Қарағанды облысы

Бастаманы қолдаған ауылдың бірі – Шет ауданындағы Төменгі Қайрақты ауылы. Елді мекен тұрғындары алкоголь өнімдерін сатуға толық тыйым салу жөнінде бірауыздан шешім қабылдаған. 730 тұрғыны бар Төменгі Қайрақты – шағын, бірақ тыныш әрі көрікті ауыл. 17 көшеде орналасқан 210 үй, сондай-ақ төрт дүкен мен тойхана секілді әлеуметтік нысандар бұл бастаманы толық қолдап отыр.

Алкогольге тыйым салу мәселесі ауыл тұрғындарының жалпы жиналысында қаралды. Күн тәртібіндегі сұрақ кең талқыланып, жақтаушылар мен қарсы тараптардың пікірі тыңдалды. Ауыл учаскелік инспекторы, әкім және ақсақалдар кеңесі көтерген бұл бастамада олар алкогольдің халық денсаулығына зияны, қылмыс деңгейіне ықпалы және ауылдың әлеуметтік жағдайына әсері туралы нақты дәйектер келтірді.

Жылы қорытындысы бойынша ұсыныс тұрғындардың басым бөлігінің қолдауына ие болып, шешім бірауыздан қабылданды. Ауыл жұртшылығы бұл қадамның саламатты орта қалыптастыруға, қылмыстық ахуалды жақсартуға және жасөспірімдер тәрбиесіне оң ықпал ететініне сенімді.

Тағы бір ауыл бұл жобаны 2023 жылы қолдаған болатын. Ол – Ақтоғай ауданы Абай ауылы. Сол уақытта тұрғындар арақ-шарапты қысық жәшігіне лақтырды.

Абай ауылында 41 отбасы тұрады. Мұндағы халықтың мақсаты – саламатты өмір салтына бет бұрып, азаматтардың маскүнемдікке салынуына жол бермеу. Одан бөлек, бұл қылмыс санын азайтуға септігін тигізеді деп сенеді.

– Ауылмыз арақтан бас тартып жатқаны өте игі іс болды. Ең бірінші бас тартудың себебі – мынау жас ұрпаққа имандылық тәрбиесін беру. Біздің ауылымызда араққа аса бір салынып кеткен азаматтар жоқ, әрине. Бірақ сонда да арақтың ешқандай да абырой әкелмейтінін олар жақсы біледі, – деді тұрғын Айтқадия Айтжанова.

Қарағанды облысында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары бірнеше бағыт бойынша күшейтілуде – тұрмыстық қылмыстардан бастап, жол қауіпсіздігі мен мектептердегі тәртіпке дейін. Негізгі шешімдер ведомствоаралық комиссия отырысында талқыланды.

Тиімді бастамалардың бірі – «Ішімдіксіз ауыл» жобасы. Бүгінде өңірде 74 елді мекен алкогольден толықтай бас тартқан, бұл өз кезегінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

– Бұл ауылдарда отбасылық-тұрмыстық қатынастар мен алкоголь тұтынуға байланысты қылмыстар тіркелмейді. Сондықтан жобаны әрі қарай кеңейтуді ұсынамыз, – деді облыстық Полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмағұлов.

Мемлекеттік органдар деңгейінде қосымша шаралар әзірленіп жатыр: акциздерді арттырудан бастап алкоголь өнімдерінің сатылуын бақылауды күшейтуге дейін. Назарда – аула ішіндегі дүкендер мен ойын-сауық орындары, олар үшін тәртіпті жүйелі түрде бұзған жағдайда антирейтинг енгізу ұсынылуда.

Өңірдегі «Ішімдіксіз ауыл» жобасының арқасында ауылдарда қазір оң өзгеріс өте көп. Жастардың дені спортқа бет бұрған. Соңғы жылдары ешқандай тәртіпбұзушылық пен тұрмыстық қылмыс тіркелмеген. Жоба аясында ауыл ақсақалдары мен полиция қызметкерлері күш біріктіріп, ішімдіктің таралуына қарсы күрес жүргізіп жатыр.

«Ішімдіксіз ауыл жобасы» жүзеге асқан елді мекендерде соңғы жылдары қылмыс деректері нөлге дейін төмендеген. Кейбір ауылдар да бір жыл емес, тіпті бірнеше жыл қатарынан занбұзушылық тіркелмеген.

Былғы жылдың 4 айы бойынша мас күйінде жасалынған қылмыс саны облыс бойынша 17,8 пайызға төмендеген. Жобаның негізгі мақсаты – ішімдіктің таралуын шектеу, қылмыстың алдын алу және халықты саламатты өмір салтына көшіру, – дейді Полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасының инспекторы Дәурен Ибраев.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (будан әрі – Серіктестік) Астана қаласы, Мамбетов көшесі, 22-үй мекен-жайында орналасқан Серіктестік ғимаратында кофе аралын (кофехананы) орналастыру үшін алаңды жалға беру бойынша өтінімдерді қабылдау туралы хабарлайды.

Бөлменің ауданы: 8 ш. м.  
Мақсаты: кофе аралын/асхананы орналастыру.

Қатысуға әлеуетті жалға алушылар жіберіледі:

- қоғамдық тамақтану/кофеханалар саласында франшиза бойынша кеземетті жүзеге асыратындар;
- Астана қаласының аумағында кемінде 30 (отыз) жұмыс істеп тұрған сауда нүктесі (кофеханалары) бар.

Жалдау мерзімі: 11 (он бір) ай.  
Белгіленген талаптарға сәйкес ай сайынғы жалдау ақысының ең жоғары құнын, сондай-ақ ең тиімді шарттарды ұсынған әлеуетті жалға алушы жеңімпаз деп танылады.

Қатысу үшін мыналарды ұсыну қажет:

- өтініш;
- баға ұсынысы;
- франшизаның болуын растайтын құжаттар;
- Астана қаласында кемінде 30 (отыз) жұмыс істеп тұрған нүктенің бар екенін растайтын құжаттар.

Құжаттар Серіктестіктің кеңесі арқылы 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолма-қол қабылданады.

Байланыс телефоны: 47-20-59

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Товарищество с ограниченной ответственностью «Научно-исследовательский проектный институт «Астангенплан» (далее - Товарищество) объявляет о приеме заявок на предоставление в аренду площади для размещения кофейного островка (кофейни) по адресу: г. Астана, ул. Мамбетова, д. 22, в здании Товарищества.

Площадь помещения: 8 кв.м.  
Целевое назначение: размещение кофейного островка/кафе/терия.

К участию допускаются потенциальные арендаторы:

- осуществляющие деятельность по франшизе в сфере общественного питания/кофеен;
- имеющие не менее 30 (тридцати) действующих торговых точек (кофейни) на территории города Астаны.

Срок аренды: 11 (одиннадцать) месяцев.  
Победителем признается потенциальный арендатор, предложивший лучшие условия и наибольшую стоимость ежемесячной арендной платы при соответствии установленным требованиям.

Для участия необходимо предоставить:

- заявление;
- ценовое предложение;
- документы, подтверждающие наличие франшизы;
- документы, подтверждающие наличие не менее 30 (тридцати) действующих точек в городе Астане.

Документы принимаются нарочно через канцелярию Товарищества в течение 3 (трех) рабочих дней.

Контактный телефон: 47-20-59



— Сіз үшін кино дегеніміз не?

— Мен үшін кино — ең алдымен, көрерменге эмоция сыйлайтын дүние. Егер адам сенің шығарған туындыңнан түк сезбесе, көрермен бұл фильмді немесе сериалды бірден өшіріп тастайды. Сондықтан киноның басты мақсаты — көрерменді эмоцияға жетелеу. Ол қорқыныш па, күлкі ме, алаңдаушылық па, ең бастысы — жоба адамға әсер етуі қажет.

Кино — менің өмірімнің бір бөлігі ғана емес, бұл — менің негізгі айналысымның ісі. Танертен оянған сәттен бастап кешке дейін осы саланың ішінде жүремін: идея іздеймін, қандай жобалар іске асып жатқанын қараймын, нарықты бақылаймын, командамен пікір таластырамын. Кино мен үшін шығармашылық процесс қана емес, бұл — толыққанды медиабизнес.

Көп адам киноны шабытпен байланыстырады. Алайда кино шабыт келгенде ғана жасалатын дүние емес. Бұл — нақты жүйе. Себебі бұл салада тек бір идея жеткіліксіз. Идеяны жүзеге асыру үшін тәртіп, жауапкершілік және тұрақты еңбек қажет.

Мен өзімді аса таланттымын деп айтпаймын. Көбіне бұл салаға өзіме бұйырған уақытта келдім деп ойлаймын. Бірақ сол бұйырған мүмкіндікті ұстап қалу тек тынбай еңбек етуге байланысты. Сондықтан мен үшін кино тек өнер емес, бұл — күнделікті жүйелі процесс.

— Кино жасау үдерісін қалай сипаттар едіңіз?

— Көбінесе көрермен кино түсіруді шығармашылық хаос сияқты көреді. Бірақ, шын мәнінде, бұл — нақты жүйеге құрылған, кезең-кезеңімен жүретін процесс.

Барлығы, ең алдымен, идеядан басталады. Бірақ бір идеяның өзі жеткіліксіз. Идея бірден синопсиске айналады, яғни оқиғаның қысқаша құрылымы жазылады. Одан кейін эпизод жоспары жасалады, әр бөлім, әр көрініс нақты бөлінеді. Бірнеше негізгі қадамнан кейін ғана толық сценарий жазыла бастайды.

Сценарий дайын болғаннан кейін үлкен әрі қарқынды жұмыс басталады. Ол — дайындық кезеңі. Аталған кезеңде команда жиналып, локациялар таңдалады, актерлер бекітіледі, бүкіл процесс жоспарланып, түсірілім процесіне жақынды бастаймыз. Бірақ ең негізгі үдеріс — түсірілім емес, сценарий жазу уақыты. Түсірілім дегеніміз — сценарийде жазылған нәрсені жүзеге асыру ғана.

Түсірілімнен кейін постпродакшн кезеңі басталады. Бұл кезеңде монтаж, дыбыс, түс түзету сияқты процестер бірігеді. Соңында маркетинг, жарнама және релиз жұмыстары атқарылады.

— Идеяны қайдан аласыз?

— Идея дайын күйінде бірден пайда болмайды. Бұл — ұзақ ойлану, бақылау процесінің нәтижесі. Мен үшін ең маңыздысы — өзімді көрерменнің орнына қою. «Егер мен осы кино немесе сериалды көрсем, қандай эмоция сезінер ем?» деген сұрақтан бастаймын. Себебі соңғы нәтижеде шешуші рөл атқаратын — көрермен реакциясы.

Маған, әсіресе, шынайы оқиғаға негізделген жобалар қызық. Өйткені шынайы оқиға арқылы көрермен экран мен өмір арасындағы шекараны жояды. Көрермен мұндай туындыны ойдан шығарылған дүние емес, шындық ретінде қабылдайды. Сол сәтте эмоция күшейеді: адамда қорқыныш пайда болады, алаңдаушылық артады, ішкі қысым сезіледі. Өзіне «Мұндай оқиға менің де басымнан өтуі мүмкін бе?» деген сұрақ қоя бастайды. Мен дәл осы эмоция арқылы жұмыс істеймін. Кино — тек оқиғаны көрсету емес, көрерменге эмоция арқылы тәжірибе бере алу.

— Сіздің туындыларыңызда («5:32», «1286», «Дәстүр») көрерменді эмоционалды тұрғыдан ыңғайсыз күйге түсіретін атмосфера бар. Бұл режиссерлік әдіс пе әлде ішкі шығармашылық таңдауыңыз ба?

— Иә, бұл — толықтай саналы шешім. Бірақ мен бұл жанр түріне бірден келген жоқпын. Бастапқы кезеңде мен де көпшілік сияқты нарықты түсінбей жүрдім. Оның үстіне кино — өте қымбат процесс. Сондықтан алғашқы кезде тәуекелге бару оңай емес еді. Өзіне де, инвесторларға да тиімді әрі түсінікті жанрды таңдайсың. Мен де жеңіл, көрермен оңай қабылдайтын комедия жанрындағы жобалармен жұмыс істедім.

Уақыт өте келе тәжірибе жинап, нарықтың қалай жұмыс істейтінін түсініп, көрермен әсерін байқай бастадым. Үлкен тәжірибеден кейін ғана өзіне, шын мәнінде, қызық дүниелерге көше бастайсың.

Негізгі, маған бастапқыдан-ақ ауыр, психологиялық қысымы бар, күрделі тақырыптар жақын болатын. Бірақ ондай жанрға бірден келу тәуекелді талап етеді. Сондықтан ең алдымен «ойын ережесін» үйреніп алу керек болды.

Ал қазір мен көрерменді «ыңғайлы» аймақта ұстап қалуға тырыспаймын. Керісінше, көрерменді белгілі бір эмоцияға жеткізім келеді: мазасыздық, қорқыныш, ішкі қысым. Себебі дәл осы эмоциялар көрермен назарын ұстап тұрады. Ең бастысы —

Әлішер Өтев үшін кино — бұлыңғыр шабыттың емес, темірдей тәртіптің жемісі. Менің «Кино дегеніміз не?» деген сауалыма ойланбастан Entertainment (ойын-сауық) деп жауап берді. Бірақ бұл — жеңіл күлкі емес, көрерменді селкілдетіп оятатын, мазасын қашыратын үлкен медиабизнес. Сұхбат барысында режиссер нәліктен тек өз сценарийімен жұмыс істейтінін, ұлт киносының дамуын тежеп тұрған «сценарист тапшылығын» және кинодағы этика шекарасын қалай сақтайтынын айтып берді.

Әлішер ӨТЕВ:

## «ШАБЫТ — ЖАЛҚАУЛАРДЫҢ ОЙЛАП ТАПҚАН ЕРТЕГІСІ»

атмосфераны сыртқы құралдармен ғана емес, бастапқы кезеңде сценарий арқылы құру. Егер сценарийде сол эмоциялық қысым дұрыс жазылмаса, оны кейін түсірілімде жасау өте қиын.

— Көрерменді күлдіру мен қорқытудың қайсысы қиын?

— Менің ойымша, күлдіру әлдеқайда қиын. Себебі әзіл әр адамға әртүрлі әсер етеді. Ал қорқыныш — адамзатқа ортақ эмоция. Ең бастысы, қандай формада да эмоция болуға тиіс. Киноның негізгі мақсаты — көрерменді сезім арқылы тарту.

— «5:32» сериалын соңына дейін көре алмағандар аз емес. Бұл гиперреализмнің салдары ма әлде нақты аудиторияның іріктеу ме?

— Иә, «5:32» сериалын соңына дейін көре алмағандар бар. Мен мұны жобаны бастамай тұрып-ақ білдім, тіпті іштей солай болғанын қаладым десем де болады. Бұл жерде ешқандай кездейсоқтық жоқ, бәрі алдын ала есептелген prediction (болжам) болатын. «5:32» — ауыр жоба. Бірақ алғашқы соққыға шыдап, соңына дейін қалғандар — біздің нақты аудиториямыз. Олар жай картинаны ғана емес, сол арқылы жеткізіміз келген қоғамның дертін, адам бойындағы зұлымдық пен ақиқаттың бетпе-бет келуін түсініп көреді. Біз интертейменттің (ойын-сауықтың) шекарасын кеңейттік: кино тек күлдіру немесе демалдыру емес, ол — адамды ояту құралы.

— Сіз көбіне өз сценарийіңіз жұмыс істейсіз. Неге?

— Себебі кино мен үшін жеке процесс. Бұл жай ғана жұмыс немесе кезекті жоба емес. Егер туынды сенің ішкі дүниесіңнен, сенің болмысыңнан шықпаған оқиға болса, оны толық сезіне алмайсың. Ал өзін сезінбеген, өзіңді тебіртпейтін дүниені көрерменге жеткізу мүмкін емес. Мен басқа біреудің

тентке деген махаббатын оятып.

Неге сериалдар алға шықты? Өйткені сериал көрерменмен ұзақ уақыт бойы байланыс орнатады, кейіпкермен бірге өмір сүруге мүмкіндік береді. Бұл — үлкен сенім. Ал толықметраі фильмдер бұл тұрғыда әлі де баяу қозғалып келеді.

Біздегі басты кедергі — қаржы емес. Егер қолыңда мықты сценарий болса, инвестор табылады. Негізгі проблема — драматургия мен сценаристтің тапшылығы. Бізде сценарист мамандығы әлі де «сәнді» немесе беделді емес, талантты сценаристер көңелде қалып қоятынды. Сонымен қатар нарықтың тарлығы да қолбайлау. Егер біздің аудиториямыз 200 миллион немесе миллиард болса, бюджет те өсер еді, әлемдік деңгейдегі мамандарды жалдап, ойымызда жүрген идеяны 100 пайыз іске асырамыз. Қазір біз қолда бар мүмкіндікпен, ұжым еңбегімен алға жылжып жатырмыз. Иә, қателіктер бар, бірақ сериалдар индустрияның қозғалтқышына айналғаны даусыз.

— Сіз «қашатын» тақырып бар ма?

— Дін, саясат, ұлтаралық мәселелер — бұл мен үшін «жабық» тақырыптар. Неге? Өйткені бұл — өте сезімтал тақырыптар.

Сен қанша жерден әділ болып, бәрін дұрыс, шынайы жасауға тырыссаң да, міндетті түрде наразы тарап табылады. Ондай тақырыптарға барғаннан мен ештеңе ұспаймын. Бұл — субъективті пікірлер майданы, ал мен ондай жерде төрелік еткім келмейді.

Кинода, әсіресе біздің қоғамда, бұдан да маңыздырақ, бірақ қауіпсіздеу тақырыптар жетіп артылады. Саясат пен дінге килігіп, халықтың арасына ірікті салу немесе біреудің наным-сеніміне нұқсан келтіру режиссердің міндеті емес. Менің



сценарийімен жұмыс істеп көрдім, бірақ мұндай процесс көңілімнен шықпады. Өйткені бөтен мәтінмен жұмыс істегенде сен біреудің киімін киіп алғандай күй кешесің.

Мен үшін сценарий — ғимараттың іргетасы. Хичкок айтқандай, кинодағы ең басты үш нәрсе: сценарий, сценарий және тағы да сценарий. Барлық кернеу, барлық пауза мен эмоция ең әуелі қағаз бетінде тууы керек. Егер сценарий нашар болса, сен қандай мықты оператор немесе актер шақырсаң да, жоба сәтсіздікке ұшырайды.

Сондықтан мен әрқашан өз идеямнан бастап, синопсис, эпизодник және соңғы нүктесіне дейін өзім қадағалаймын. Бұл — менің принципім. Өз жүрегіңнен өткен оқиға ғана көрерменді шынайы тебірте алады. Егер менің туындымды біреу түсінбей жатса, бұл көрерменнің емес, автордың, яғни менің мәселем. Демек, мен құралдарды дұрыс пайдаланбадым немесе ойымды дұрыс жеткізбедім. Ал өз сценарийімен жұмыс істегенде, мен сол жауапкершілікті толықтай мойныма аламын».

— Қазақстандағы киноиндустрияның қазіргі деңгейін қалай бағалайсыз?

— Даму бар, бірақ біз қалағандай жылдам емес. Қазақстан кинематографиясына нақты серпін берген — кино емес, сериалдар. Көбі бұған атүсті қарап, киноны бірінші орынға қойғысы келеді, бірақ ақиқатында сериалдар қазақстандық сапалы кон-

мақсатым — қоғамдық маңызы бар оқиғаларды гиперреализм арқылы көрсету.

Мұны кино саласында жүрген, істің мәнін түсінетін кез келген кәсіби маман жақсы біледі. Сондықтан мен принципіме адалмын: адамдарды біріктіретін немесе ойландыратын дүние түсіріміз керек.

— Сіз үшін не маңызды: шабыт па, тәртіп пе?

— Мен үшін тек тәртіп маңызды. Шабыт — өзін-өзі алдауды жақсы көретін жалқау адамдардың ойлап тапқан ертегісі. Егер сен тек «муза» келгенде ғана жұмыс істейтін болсаң, ешқашан нәтижеге қол жеткізе алмайсың. Кәсіби маман мен әуесқойдың айырмашылығы да осында: бірі көңіл күйін күтеді, екіншісі күн сайын еңбектеніп, өз ісін атқарады. Демек, табыстың негізі — тек қана еңбек. Иә, талант болуы мүмкін, ол — Жаратқанның берген сыйы. Бірақ талант сені тек алғашқы 20 метрге ғана алға шығарады. Қалған жолда тәртіп пен жауапкершілік қана жеңіске жеткізеді. Мен өзімді мега-талант деп есептемеймін, бірақ мен өте жауапты әрі еңбекқор адаммын. Егер талантты адам өзімен жұмыс істемесе, ерте ме, кеш пе, тәртіпке бағынған орташа деңгейдегі еңбекқор оны басып озады. Бұл — өмір заңы.

Сұхбаттасқан  
Қорлан ОСПАНОВА,  
MNU студенті

### «ГҮЛЖЕМАЛ». КЕК пен МАХАББАТ ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛЫ ХИКАЯ

«Гүлжемал» — көрерменді алғашқы минуттардан-ақ баурап әкететін әсерлі драма. Сериал балалық шағында ауыр психологиялық соққы алған жігіттің тағдырын баяндайды. Басты кейіпкер — Гүлжемал. Оның рөлін түріктің танымал актері Мурат Юналымыс сомдайды.



Оқиға желісі бойынша бала Гүлжемал отбасын тастап кеткен анасына өштесіп өседі. Жылдар бойы жүрегінде жиналған ашу мен ыза оны қатігез, ешкімге аяушылық танытпайтын адамға айналдырады.

Есейіп, табысқа жеткен Гүлжемал туған қаласына оралып, өткенмен есеп айырысуды көздейді. Мақсаты — өзін тастап кеткен анасының өмірін тас-талқан ету. Туып-өскен өлкеде жаңа адамдармен танысады. Ішінде серік болар дос та, өміріне қауіп төндіретін дұшпандар да болады. Ең бастысы, ол өмірлік махаббатын кездестіреді. Інкәрсезім оның ішкі жан дүниесін төңкеріп, бұрынғы ұстанымдарынан бас тартуға итермелейді.

Сериал Түркияның көрікті жерлерінің бірі Бурса қаласында түсірілген. Тарихи орындар мен ерекше атмосфера туындының көркемдігін арттыра түседі. Әрбір эпизод көрерменді кейіпкерлердің ішкі қайшылығына, таңдаулары мен тағдыр тәлкегіне терен үнілуге шақырады.

Тосынсығға толы, тартысқа бай «Гүлжемал» телехикаясын 15 мамырдан бастап күн сайын сағат 21:00-де «Астана» арнасынан тамашалаңыздар!

### ӘЙГІЛІ СУРЕТШІНІҢ КӨРМЕСІ

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында 19 мамыр мен 30 қыркүйек аралығында әйгілі Леонардо да Винчидің өмірі мен ғылыми ізденістеріне арналған Leonardo da Vinci: Genius of the Renaissance халықаралық көрмесі өтеді.

Елордаға Рим және Флоренция музейлерінен Леонардо да Винчидің атакты Винчи кодекстеріндегі сызбалары мен жазбалары негізінде жасалған 40-тан астам толық көлемді механизм үлгілері жеткізілді. Экспонаттар қатарында ұшу аппараттары, инженерлік құрылымдар, әскери машиналар мен өз заманынан озық туған құрылыстар бар. Бұл өнертабыстар кейіннен заманауи технологиялардың бастауына айналды.

Көрме шамамен 3 мың шаршы метр аумақты қамтиды. Кеністік ауа, су, жер және от тақырыптарына бөлінген. Бұл келушілерге Леонардонның табиғат күштерін, қозғалысты, адам анатомиясын және механика заңдылықтарын қалай зерттегенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жеке бөлім суретшінің ең танымал туындыларының репродукцияларына арналған. Көрме заманауи мультимедиялық форматта безендірілген. LED-туннельдер, цифрлық проекциялар мен голографиялық инсталляциялар Леонардо да Винчидің идеяларын визуалды түрде паш етіп, оның өнертабыстары қалай жұмыс істеуі мүмкін болғанын таныстырады.



AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Ербайғит ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰЗАК —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4738

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,